

ISSN 2306-7365  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

1996 жылдың қарашасынан бастап екі айда бір рет шығады

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

A. Yesevi UKTÜ Bülteni  
№2 (94)

ӘОҒ  
ӘОҒ

Вестник МКТУ им. А. Ясауи  
НАУРЫЗ-СӘУІР

ӘОҒ  
ӘОҒ

Bulletin of IKTU named A. Yasawi  
2015

Ж а р а т ы л ы с т а н у ғ ы л ы м д а р с е р и я с ы



## БАС РЕДАКТОР

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор  
УӘЛИХАН СЕЙДІЛДӘУЛЫ ӘБДІБЕКОВ

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

ЕРГӨБЕК Құлбек Сәрсенұлы  
филология ғылымдарының докторы, профессор

*-Бас редактордың орынбасары*

ӘБЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы

*-аға редактор*

САДЫҚОВА Айгүл Дөненбайқызы

*-редактор*

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ

Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

### А Қ Ы Л Д А С Т А Р А Л Қ А С Ы

---

---

Ақбасова А.Ж.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Байжігітов Қ.Б.	- биология ғылымдарының докторы
Бахтыбаев А.Н.	- физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Бектұрғанов Р.С.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Гүл К.	- PhD доктор (Түркия)
Дағделен О.	- доктор, доцент (Түркия)
Көк Р.	- доктор, профессор (Түркия)
Мырзалиев Б.С.	- экономика ғылымдарының докторы, профессор
Раимбердиев Т.П.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Сейдинов Ш.М.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Тұртабаев С.Қ.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Шалқарова Ж.Н.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор

*Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, №232 куәлік берілген. Индекс №75637*

*Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген.  
ISSN 2306-7365*

#### Редакцияның мекен-жайы:

---

161200, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы,  
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29, бас ғимарат,  
414-бөлме  
☎ (8-725-33) 6-36-36 (1960), E-mail: khabarshi@iktu.kz

*Журнал Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспаханасында көбейтілді.*

Көлемі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.  
Шартты баспа табағы 13,5. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 431. ©

УДК 517.96

**Б.Т.КАЛИМБЕТОВ**

доктор физико-математических наук, доцент  
МКТУ им.Х.А.Ясави

**Н.А.ПАРДАЕВА**

ст. преподаватель ТУИТ  
г.Ташкент, Республика Узбекистан

**У.Д.АБИКЕЕВА**

магистрант МКТУ им.Х.А.Ясави

**РЕГУЛЯРИЗОВАННАЯ АСИМПТОТИКА СИНГУЛЯРНО  
ВОЗМУЩЕННОЙ ИНТЕГРО-ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНОЙ СИСТЕМЫ С  
БЫСТРО ОСЦИЛЛИРУЮЩИМИ КОЭФФИЦИЕНТАМИ**

*Аннотация.* Рассматривается сингулярно возмущенная задача Коши для систем интегро-дифференциальных уравнений с быстро осциллирующими коэффициентами. Для асимптотического интегрирования задачи привлечена идея метода регуляризации С.А.Ломова, основанная на переходе на пространстве большей размерности. Построен главный член асимптотики задачи в случае отсутствия резонанса.

*Ключевые слова:* сингулярно возмущенная задача, быстро осциллирующий коэффициент, регуляризация, итерационная задача, асимптотическое решение.

*Kilim sozderi:* сингуляр ауйткымалы есеп, жылдам осцилляцияланушы коэффициент, регуляризация, итерациялык есеп, асимптотикалык шешим.

*Anahtar kelimeler:* tekil tedirgin problem, hızlı bir şekilde osilasyon katsayısı, regularizasyonu, tekrarlamalı problem, asimptotik çözüm

*Key words:* singularly perturbed problem, rapidly oscillating coefficient, regularization, iterative problem, asymptotical solution.

*Введение.* При исследовании различных вопросов динамической устойчивости, при исследовании свойств сред с периодической структурой и в других прикладных задачах встречаются дифференциальные уравнения с быстро осциллирующими коэффициентами. Асимптотические интегрирование дифференциальных систем уравнений с быстро осциллирующими коэффициентами проводились методом расщепления дифференциальных уравнений [1-4,8] и методом регуляризации [5-7]. В нас-

тоящей работе рассматривается система интегро-дифференциальных уравнений. Основная цель исследования заключается в обосновании влияния интегрального члена на главный член асимптотики решения исходной задачи. Следует отметить, что рассматривается случай отсутствия резонанса, т.е. частота быстро осциллирующего коэффициента не связана со спектром предельного оператора.

**1. Постановка задачи.** Будем изучать сингулярно возмущенную задачу Коши для систем интегро-дифференциальных уравнений с быстро осциллирующими коэффициентами:

$$L_\varepsilon z(t, \varepsilon) \equiv \varepsilon \frac{dz(t, \varepsilon)}{dt} - A(t, \varepsilon)z(t, \varepsilon) + \int_{t_0}^t k(s)z(s, \varepsilon)ds = h(t), \quad z(t_0, \varepsilon) = z^0, \quad (1)$$

где  $A(t, \varepsilon) \equiv A_0(t) + \varepsilon\psi(t)\cos\frac{2\gamma(t)}{\varepsilon}B$ . Здесь  $A_0(t), B$  – квадратные

матрицы порядка 2, т.е.  $A(t) = \begin{pmatrix} 0 & 1 \\ -\alpha^2(t) & 0 \end{pmatrix}, \quad B = \begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 1 & 0 \end{pmatrix},$

$z(t, \varepsilon), z^0, k(t), h(t)$  – 2-мерные векторы,  $\psi(t), \alpha(t), \gamma(t) > 0$  – известные функции.  $t \in [t_0, T], T > t_0, \varepsilon > 0$  – малый параметр. Будет построена регуляризованная асимптотика [5] решений задачи (1) при  $\varepsilon \rightarrow +0$ .

**2. Регуляризация задачи.** Введем регуляризирующие переменные:

$$\tau_0 = \frac{2i}{\varepsilon} \dot{\gamma}(t) \equiv \xi_0(t, \varepsilon), \quad \tau_i = \frac{1}{\varepsilon} \int_{t_0}^t \lambda_i(s)ds \equiv \xi_i(t, \varepsilon), \quad i = 1, 2,$$

где  $\lambda_i(t, \varepsilon)$  – собственные значения матрицы  $A_0(t)$ , и в соответствии с общей теорией метода регуляризации [5], рассмотрим вместо решения  $z(t, \varepsilon)$  задачи (1) расширенную функцию  $\tilde{z}(t, \tau, \varepsilon)$ , где  $\tau = (\tau_0, \tau_1, \tau_2)$  – набор дополнительных регуляризирующих переменных и потребуем чтобы для расширенной функции  $\tilde{z}(t, \tau, \varepsilon)$  выполнялось соотношение  $\tilde{z}(t, \psi(t, \varepsilon), \varepsilon) = z(t, \varepsilon)$ .

Для расширенной функции  $\tilde{z}(t, \tau, \varepsilon)$  рассмотрим задачу

$$\begin{aligned} \varepsilon \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) \frac{\partial \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon)}{\partial t} + D_\lambda \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) - A_0(t) \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) + \int_{t_0}^t k(s) \tilde{z}(s, \xi(s, \varepsilon), \varepsilon) ds = \\ = \frac{\varepsilon \gamma(t)}{2} e^{\tau_0} + e^{-\tau_0} B \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) + h(t), \quad \tilde{z}(t_0, \xi(t_0, \varepsilon), \varepsilon) = z^0, \end{aligned} \quad (2)$$

где  $D_\lambda \tilde{z} = \sum_{k=0}^2 \lambda_k(t) \frac{\partial \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon)}{\partial t_k}, \quad \xi(t_0, \varepsilon) = \left( \frac{2i\gamma(t_0)}{\varepsilon}, 0, 0 \right)$ .

В задаче (2) пока не произведена регуляризация интегрального члена, поэтому ее еще нельзя считать «расширенной» по отношению к исходной

задаче (1). Для построения «расширенной» задачи займемся регуляризацией интегрального оператора

$$I\tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) = \int_{t_0}^t k(s)\tilde{z}(s, \xi(s, \varepsilon), \varepsilon)ds. \quad (3)$$

Для регуляризации интегрального оператора (3) вводим класс  $M_\varepsilon$ , асимптотически инвариантный относительно оператора  $I$ .

**Определение 1.** Говорят, что класс  $M_\varepsilon$  асимптотически инвариантен (при  $\varepsilon \rightarrow +0$ ) относительно оператора  $\mathfrak{I}_0$ , если выполнены следующие условия:

- 1)  $M_\varepsilon \subset D(\mathfrak{I}_0)$  при каждом фиксированном  $\varepsilon \neq 0$ ;
- 2) образ  $\mathfrak{I}_0 g(t, \varepsilon)$  любого элемента  $\mathfrak{I}_0 g(t, \varepsilon) \in M_\varepsilon$  разлагается в ряд

$$\mathfrak{I}_0 g(t, \varepsilon) = \sum_{n=0}^{\infty} \varepsilon^n g_n(t, \varepsilon) \quad (\varepsilon \rightarrow +0, \quad g_n(t, \varepsilon) \in M_\mu, \quad n = 0, 1, \dots),$$

сходящийся асимптотически при  $\varepsilon \rightarrow +0$  (равномерно по  $t \in [t_0, T]$ ).

В качестве класса  $M_\varepsilon$ , асимптотически инвариантного относительно интегрального оператора  $\mathfrak{I}_0 = I$ , возьмем класс  $M_\varepsilon = U|_{\tau=\theta}$ , где пространство  $U$  определяется следующим образом.

**Определение 2.** Будем говорить, что функция  $z(t, \tau_1, \tau_2)$  принадлежит классу  $U$ , если она представима в виде

$$z_j(t, \tau) = z_0(t) + z_1(t)e^{\tau_1} + z_2(t)e^{\tau_2} \quad (4)$$

где все  $z_i(t) \in C^\infty[0, T]$ ,  $i = \overline{0, 2}$ .

Подставляя (4) в интегральный оператор (3), получим интегралы, имеющие вид

$$I_0(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon) = \int_{t_0}^t k(s)z_0(s)ds, \quad I_1(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon) = \int_{t_0}^t k(s)z_1(s)e^{\xi_1(s, \varepsilon)}ds,$$

$$I_2(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon) = \int_{t_0}^t k(s)z_2(s)e^{\xi_2(s, \varepsilon)}ds,$$

Регуляризация интегралов  $I_0 - I_2$  заключается в построении для них формального ряда по степеням малого параметра  $\varepsilon$ . Для осуществления такой операции применим интегрирование по частям к каждому из интегралов  $I_0 - I_2$ .

Интеграл  $I_0(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon)$  уже регуляризован, т.е.

$$I_0(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon) = \int_{t_0}^t k(s)z_0(s)ds.$$

Рассмотрим интеграл  $I_1(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon)$ . Произведем в нем следующие действия:

$$\begin{aligned} I_1(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon) &= \int_{t_0}^t k(s)z_1(s)e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^s \alpha(x)dx} ds = \int_{t_0}^t k(s)z_1(s)d \left( e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^s \alpha(x)dx} \right) \left( \frac{\varepsilon}{i\alpha(s)} \right) = \\ &= \varepsilon \left[ \frac{k(s)z_1(s)}{i\alpha(s)} e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^s \alpha(x)dx} \right]_{s=t_0}^{s=t} - \int_{t_0}^t e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^s \alpha(x)dx} \frac{\partial}{\partial s} \left( \frac{k(s)z_1(s)}{i\alpha(s)} \right) ds = \\ &= \varepsilon \left[ \frac{k(t)z_1(t)}{i\alpha(t)} e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^t \alpha(x)dx} - \frac{k(t_0)z_1(t_0)}{i\alpha(t_0)} - \int_{t_0}^t e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^s \alpha(x)dx} \frac{\partial}{\partial s} \left( \frac{k(s)z_1(s)}{i\alpha(s)} \right) ds \right] = \varepsilon \frac{k(t)z_1(t)}{i\alpha(t)} e^{\xi_1(t, \varepsilon)} - \\ &\quad - \varepsilon \frac{k(t_0)z_1(t_0)}{i\alpha(t_0)} - \varepsilon \int_{t_0}^t e^{\frac{i}{\varepsilon} \int_{s_0}^s \alpha(x)dx} \frac{\partial}{\partial s} \left[ \frac{k(s)z_1(s)}{i\alpha(s)} \right] ds. \end{aligned}$$

Итак, после однократного интегрирования по частям в  $I_1(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon)$  выделяются внеинтегральные члены, которые при  $\xi = \tau$  имеют вид слагаемых суммы (4), а интегральный член снова является интегралом типа  $I_1(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon)$ . Многократное интегрирование по частям приводит к формальному ряду

$$I_1(t, \tau, \varepsilon) = \varepsilon \left[ \frac{k(t)z_1(t)}{i\alpha(t)} e^{\tau_1} - \frac{k(t_0)z_1(t_0)}{i\alpha(t_0)} \right] + \sum_{j=2}^{\infty} \varepsilon^j \left[ v_1^{(j)}(t) e^{\tau_1} + v_0^{(j)}(t) \right].$$

Производя такую же операцию и для интеграла  $I_2(t, \xi(t, \varepsilon), \varepsilon)$ , получим формальный ряд:

$$I_2(t, \tau, \varepsilon) = \varepsilon \left[ \frac{k(t)z_2(t)}{-i\alpha(t)} e^{\tau_2} + \frac{k(t_0)z_2(t_0)}{i\alpha(t_0)} \right] + \sum_{j=2}^{\infty} \varepsilon^j \left[ v_2^{(j)}(t) e^{\tau_2} + v_0^{(j)}(t) \right].$$

Теперь расширенную задачу (2) можно записать в виде

$$L_\varepsilon \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) \equiv \varepsilon \frac{\partial \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon)}{\partial t} + D_\lambda \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) - A_0(t) \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) + R \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) =$$

$$= \frac{\varepsilon \gamma(t)}{2} e^{\tau_0} + e^{-\tau_0} B \tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) + h(t), \quad \tilde{z}(t_0, \psi(t_0, \varepsilon), \varepsilon) = z^0, \quad (5)$$

где оператор  $R$  сопоставляет каждому формальному ряду

$$\tilde{z}(t, \tau, \varepsilon) = \sum_{k=0}^{\infty} \varepsilon^k z_k(t, \tau) e^{\tau_k}, \quad (6)$$

с коэффициентами  $z_i(t, \tau) \in U$  формальный ряд (4), в котором все  $\psi_i(t, \varepsilon)$  заменены на  $\tau_i (i=1, 2)$ . Для дальнейшего удобно представить оператор  $R$  в виде  $R\tilde{y} = \sum_{s=0}^{\infty} \varepsilon^s \sum_{j=0}^s R_j z_{s-j}(t, \tau)$ , где оператор  $R_j$  определяется следующим образом. Возьмем произвольную функцию  $z(t, \tau) \in U$  в виде суммы (4) и произведем последовательное интегрирование по частям в интеграле  $\int_{t_0}^t k(s) z_i \left( s, \frac{\xi(s)}{\varepsilon}, \varepsilon \right) ds$  с выделением внеинтегральных членов порядка  $1, \varepsilon, \dots, \varepsilon^s$  включительно. Затем во внеинтегральных членах заменяем  $\xi_i(t, \varepsilon)$  на  $\tau_i, i=1, 2$ . Тогда  $R_j z(t, \tau)$  есть коэффициент при  $\varepsilon^s$  во внеинтегральных членах. Из этого определения в частности, следует, что

$$R_0 z_j(t, \tau) = \int_{t_0}^t k(s) z_0^{(j)}(s) ds,$$

$$R_1(t, \tau) = \frac{k(t) z_1^{(j)}(t)}{i\alpha(t)} e^{\tau_1} - \frac{k(t) z_2^{(j)}(t)}{i\alpha(t)} e^{\tau_2} + \frac{k(t_0) z_2^{(j)}(t_0)}{i\alpha(t_0)} - \frac{k(t_0) z_1^{(j)}(t_0)}{i\alpha(t_0)},$$

Подставив теперь ряд (6) в задачу (5) и произведем приравнивание коэффициентов при одинаковых степенях  $\varepsilon$ . Получим следующие итерационные задачи

$$L_0 z_0 \equiv D_\lambda z_0(t, \tau) - A_0(t) z_0(t, \tau) + \int_{t_0}^t k(s) z_0^{(0)}(s) ds = h(t), \quad z_0(t_0, \xi(t_0, \varepsilon)) = z^0, \quad (7_0)$$

$$L_0 z_1 = -\frac{\partial z_0(t, \tau)}{\partial t} + \frac{\gamma(t)}{2} e^{\tau_0} + e^{-\tau_0} B z_0 - \frac{k(t) z_1^{(0)}(t)}{i\alpha(t)} e^{\tau_1} + \frac{k(t) z_2^{(0)}(t)}{i\alpha(t)} e^{\tau_2} +$$

$$+ \frac{k(t_0) z_1^{(0)}(t_0)}{i\alpha(t_0)} - \frac{k(t_0) z_2^{(0)}(t_0)}{i\alpha_2(t_0)}, \quad z_1(t_0, \psi(t_0, \varepsilon)) = 0,$$

...

**3. Разрешимость итерационных задач.** Решение задачи (7<sub>0</sub>) ищем в виде

$$z_0(t, \tau) = z_0^{(0)}(t) + z_1^{(0)}(t)e^{\tau_1} + z_2^{(0)}(t)e^{\tau_2} \quad (8)$$

Подставляя (8) в задачу (7<sub>0</sub>), и приравнявая отдельно коэффициенты при одинаковых экспонентах и свободные члены получим следующие уравнения:

$$0 \cdot z_i^{(0)}(t) = 0, \quad i = 1, 2, \quad (9)$$

$$-A_0(t)z_0^{(0)}(t) + \int_{t_0}^t k(s)z_0^{(0)}(s)ds = h(t), \quad (10)$$

откуда следует, что функции  $z_i^{(0)}(t)$  – произвольные,  $i = 1, 2$ . Уравнение (10) есть интегральное уравнение Вольтера второго рода с непрерывным ядром и правой частью. Как известно такое уравнение имеет единственное решение

$$z_0^{(0)}(t) = -A^{-1}(t) \cdot h(t) + \int_{t_0}^t A^{-1}(s)k(s)z_0^{(0)}(s)ds.$$

Таким образом, решение (8) уравнения (7<sub>0</sub>) определено в следующем виде

$$z_0(t, \tau) = c_1(t)b_1(t)e^{\tau_1} + c_2(t)b_2(t)e^{\tau_2} - A^{-1}(t) \cdot h(t) - \int_{t_0}^t A^{-1}(s)k(s)z_0^{(0)}(s)ds, \quad (11)$$

где  $b_1(t) = 1, i\alpha(t)$ ,  $b_2(t) = 1, -i\alpha(t)$  – собственные векторы матрицы  $A(t)$ ,  $c_1(t)$ ,  $c_2(t)$  – произвольные функции.

Подчиняя (11) начальным условиям  $z_0(t_0, \psi(t_0, \varepsilon)) = z^0$ , будем иметь

$$c_1(t_0) \begin{pmatrix} 1 \\ i\alpha(t_0) \end{pmatrix} + c_2(t_0) \begin{pmatrix} 1 \\ -i\alpha(t_0) \end{pmatrix} - \begin{pmatrix} \frac{h_2(t_0)}{\alpha^2(t_0)} \\ -h_1(t_0) \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} u^0 \\ g^0 \end{pmatrix},$$

откуда находим

$$\begin{aligned} c_1(t_0) &= \frac{1}{2} \left( u^0 + \frac{h_2(t_0)}{\alpha^2(t_0)} + i \frac{h_1(t_0) - g^0}{\alpha(t_0)} \right), \\ c_2(t_0) &= \frac{1}{2} \left( u^0 + \frac{h_2(t_0)}{\alpha^2(t_0)} + i \frac{g^0 - h_1(t_0)}{\alpha(t_0)} \right). \end{aligned} \quad (12)$$



Переходим к решению задачи (7<sub>1</sub>). Правая часть задачи (7<sub>1</sub>) имеет вид

$$\begin{aligned}
 Hz_0 = & -z_0^{(0)}(t)' - c_1'(t) \begin{pmatrix} 1 \\ i\alpha(t) \end{pmatrix} e^{\tau_1} - c_1(t) \begin{pmatrix} 0 \\ i\alpha'(t) \end{pmatrix} e^{\tau_1} - c_2'(t) \begin{pmatrix} 1 \\ -i\alpha(t) \end{pmatrix} e^{\tau_2} - \\
 & -c_2(t) \begin{pmatrix} 0 \\ -i\alpha'(t) \end{pmatrix} e^{\tau_2} + \frac{\varphi(t)}{2} e^{\tau_0} + e^{-\tau_0} \begin{pmatrix} 0 \\ 1 \end{pmatrix} z_0^{(0)}(t) + c_1(t)e^{\tau_1} + c_2(t)e^{\tau_2} - \\
 & (13) \\
 & -\frac{k(t)z_1^{(0)}(t)}{\lambda_1(t)} e^{\tau_1} - \frac{k(t)z_2^{(0)}(t)}{\lambda_2(t)} e^{\tau_2} + \frac{k(t_0)z_1^{(0)}(t_0)}{\lambda_1(t_0)} + \frac{k(t_0)z_2^{(0)}(t_0)}{\lambda_2(t_0)}.
 \end{aligned}$$

Для разрешимости уравнение (13), необходимо и достаточно, чтобы правая часть была ортогонально базисным элементам

$$q_i(t, \tau_i) = \left\{ \frac{1}{2}, \frac{1}{2\lambda_i(t)} \right\} e^{\tau_i}, \quad i = 1, 2, \quad \text{ядра сопряженного оператора}$$

$L_0^* \equiv D_{\bar{\lambda}} - A^*(t) + \int_{t_0}^t k(s)z_0^{(0)}(s)ds$ , откуда получаем уравнения для нахождения  $c_i(t)$  ( $i = 1, 2$ ), а именно:

$$c_i'(t) + c_i(t) \left( \frac{\alpha'(t)}{2\alpha(t)} + \frac{k(t)}{\lambda_i(t)} \right) = 0, \quad i = 1, 2.$$

С учетом начальных условий (12), однозначно находим

$$c_i(t) = c_i(t_0) \exp \left( \ln \sqrt{\frac{\alpha(t_0)}{\alpha(t)}} - \int_{t_0}^t \frac{k(s)}{\lambda_i(s)} ds \right), \quad i = 1, 2.$$

Таким образом, решение  $z_0(t, \tau)$  задачи (7<sub>0</sub>) имеет вид

$$\begin{aligned}
 z_0(t, \tau) = & \frac{1}{2} \sum_{k=1}^2 \left( u^0 + \frac{h_2(t_0)}{\alpha^2(t_0)} + i \frac{(-1)^k g^0 - h_1(t_0)}{\alpha(t_0)} \right) \begin{pmatrix} 1 \\ \lambda_k(t) \end{pmatrix} e^{\tau_k} \times \\
 & \times \exp \left( \ln \sqrt{\frac{\alpha(t_0)}{\alpha(t)}} - \int_{t_0}^t \frac{k(s)}{\lambda_k(s)} ds \right) - A^{-1}(t) \cdot h(t) + \int_{t_0}^t A^{-1}(s)k(s)z_0^{(0)}(s)ds.
 \end{aligned}$$

Отметим, что при  $k(t) = 0$  главный член асимптотики имеет вид:

$$z_0(t, \tau) = \begin{pmatrix} \frac{h_2(t)}{\alpha^2(t)} \\ -h_1(t) \end{pmatrix} + \sqrt{\frac{\alpha(t_0)}{\alpha(t)}} \left\{ \begin{pmatrix} 1 \\ i\alpha(t) \end{pmatrix} \frac{\alpha(t_0)f_0 - ig_0}{2\alpha(t_0)} e^{\tau_1} + \begin{pmatrix} 1 \\ -i\alpha(t) \end{pmatrix} \frac{\alpha(t_0)f_0 + ig_0}{2\alpha(t_0)} e^{\tau_2} \right\},$$

где  $f_0 = u^0 - \frac{h_2(t_0)}{\alpha^2(t_0)}$ ,  $g_0 = \mathcal{G}^0 + h_1(t_0)$ , что совпадает с решением примеров в [8], с. 509 и [5], с. 177.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Фещенко С.Ф., Шкиль Н.И., Николенко Л.Д.* Асимптотические методы в теории линейных дифференциальных уравнений. – Киев: Наукова думка, 1966. – 261 с.
2. *Шкиль Н.И.* Асимптотические методы в дифференциальных уравнениях. – Киев: Наукова думка, 1971. – 226 с.
3. *Далецкий Ю.Л., Крейн С.Г.* О дифференциальных уравнениях в гильбертовом пространстве // Укр. матем. журн. 1950, 2, №4. – С. 71-91.
4. *Далецкий Ю.Л.* Асимптотический метод для некоторых дифференциальных уравнений с осциллирующими коэффициентами // ДАН СССР, 1962, 143, №5. – С. 1026-1029.
5. *Ломов С.А.* Введение в общую теорию сингулярных возмущений. – М.: Наука. 1981. – 400 с.
6. *Рыжик А.Д.* Асимптотическое решение линейного дифференциального уравнения с быстро осциллирующим коэффициентом // Тр. МЭИ, 1978, 357. – С. 92-94.
7. *Рыжик А.Д.* Применение метода регуляризации для уравнения с быстро осциллирующими коэффициентами // Матер. Всесоюз. конф. по асимпт. методам. – Ч. I. – Алма-Ата: Наука, 1979. – С. 64-66.
8. *Далецкий Ю.Л., Крейн М.Г.* Устойчивость решений дифференциальных уравнений в банаховом пространстве. – М.: Наука, 1970. – 534 с.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Жұмыста жылдам осцилляцияланушы коэффициентті сингуляр ауытқымалы интегро-дифференциалдық жүйе үшін алғашқы есеп қарастырылады. Есепті асимптотикалық интегралдау үшін үлкен өлшемді кеңістікке өтуге негізделген регуляризациялау әдісі ұсынылады. Резонанс жағдай болмағандағы есеп шешімі асимптотикасының бас мүшесі құрылған.

**(Қалымбетов Б.Т., Пардаева Н.А., Абикеева У.Ж. Жылдам осцилляцияланушы коэффициентті интегро-дифференциалдық жүйенің регуляризацияланған асимптотикасы)**

#### SUMMARY

In this work considered initial value problem for a singularly perturbed integro-differential systems with rapidly oscillating coefficients. For asymptotic integration problem involved ideas regularization method, based on the transition space of higher dimension. Built the leading term problem in the absence of resonance.

**(Kalimbetov B., Pardaeva N., Abikeeva U. Regularized asymptotics singularly perturbed integro-differential systems with rapidly oscillating coefficients)**

ӘОЖ 372.85

**Б.Т.ҚАЛЫМБЕТОВ**

физика-математика ғылымдарының докторы, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**Ж.О.ХАБИБУЛЛАЕВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ PhD докторанты

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТЫНДАҒЫ МАТЕМАТИК  
БАКАЛАВРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДА СИНГУЛЯР АУЫТҚЫМАЛЫ  
ТЕҢДЕУЛЕРДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

*Аннотация.* Мақалада математик бакалаврлардың ғылыми танымын, белгілі бір деңгейдегі математикалық және әдістемелік мәдениетін, математиканы оқытудағы қолданбалы және практикалық бағытының қажеттілігін, оқытуда пәнаралық байланысты қалыптастыра отырып фундаменталды дайындауда сингуляр ауытқыған теңдеулердің рөлі және маңыздылығы келтірілген.

*Кілт сөздері:* математиканы оқыту әдістемесі және педагогикасы, сингуляр ауытқымалы теңдеулер, оқытудың кәсіби-педагогикалық бағыттылығы, оқытудың әдістемелік жүйелері мен теориялық тәсілдері.

*Ключевые слова:* педагогика и методика обучения математики, сингулярно возмущенная задача, профессионально-педагогическая направленность обучения, теоретические методы и методические системы обучения.

*Anahtar kelimeler:* pedagoji ve öğretim matematik yöntemleri, tekil tedirgin problem, profesyonel ve pedagojik oryantasyon eğitimi, kuramsal ve metodolojik yöntemler eğitim sistemi.

*Key words:* pedagogy and technique of training of mathematics, singularly perturbed problem, professional and pedagogical orientation of teaching, theoretical methods and methodical of system of training.

Педагогикалық жоғары оқу орындары мен университеттерде математика бакалаврын дайындау мәселелері үнемі математикалық білім беру мәселелерімен айналысатын зерттеушілердің ерекше назар аударатын мәселесі болып отыр. Жоғары педагогикалық білім беруде математика бакалаврының тұлғасын, оның әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және физикалық қасиеттерін талдай алатын зерттеулер жүргізу қажет. Зерттеулерде маңызды орынды оқытудың ақпараттық технологиясын құрастыру және білім беруді басқару алады. Бұл ең алдымен, математиканың

мектеп курсы тұжырымдамасының қазіргі заманғы қоғамның әлеуметтік тапсырысына жауап бермейтіндігімен байланысты. Сондықтан да мектеп математика курсының жаңа тұжырымдамасын белсенді іздеу, және де нәтижеде, жаратылыстану ғылыми бағытта математика бакалаврларын дайындауда жаңа тәсілдерді белсенді іздеу бекерден-бекер емес. А.Г.Мордковичтің зерттеулерінде мұғалімді математикалық дайындаудың кәсіби-педагогикалық тұжырымдамасы [1], Г.Л.Луканкиннің еңбектерінде мұғалімді дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалған [2], Г.Г.Хамовтың жұмысы математика мұғалімін алгебралық дайындаудың әдістемелік жүйесін құрастыруға арналған [3], Н.Л.Стефанованың жұмысы педагогикалық жоғары оқу орындарында математика мұғалімін әдістемелік дайындау жүйесінің теориялық негіздерін талдауға арналған [4].

Математика бойынша қазіргі заманғы оқулықтар мен оқу құралдарының тұжырымдамасы келесіге түйеседі: математика нақты процестердің математикалық моделін зерттейді, ал модельдер математикалық тілде сипатталады, олай болса, оның көмегімен күрделі және аса күрделі модельдермен сәтті жұмыс жасау үшін математикалық тілді игеру қажет. Нақты процестердің математикалық моделін құру және сайма-сай құралдарды қолданып олармен жұмыс жасау – адамның жалпы мәдениетінің, әсіресе, қазіргі кезде, білімнің түрлі салаларын белсенді математикаландыру кезеңінде құрама бөлігі болып табылады.

Бүгінгі таңда математикалық модельдеу туралы көзқарас жалпы мәдени және жалпы білім беру құндылығына ие болып отыр және студенттердің математикадағы ғана емес, сонымен бірге физикадағы, химиядағы, биологиядағы, экологиядағы, географиядағы, экономикадағы және т.с.с. модель мен модельдеу рөлі туралы түсініктің қалыптасуы үшін мүмкіндіктер ашады.

Жоғары оқу орындарында дифференциалдық теңдеулерді оқытудың кәсіби және қолданбалы бағытталған мәселелері Р.М.Аслановтың [5], В.С.Корниловтың [6], Ю.В.Сидоровтың [7], М.И.Шабуниннің [8] докторлық диссертацияларында, Г.И.Бавриннің [9], Б.А.Наймановтың [10], К.Сургановтың [11] және т.б. кандидаттық диссертацияларында зерттелген.

Кез келген оқу пәнін меңгеру барысында математик бакалаврлардың шығармашылық тұлғасын дамыту идеялары жүзеге асырылады. Жоғары оқу орындарындағы жаратылыстану ғылыми бағытындағы математик бакалаврлардың шығармашылық тұлғасының дамуына нақты үлесті сингуляр ауытқыған теңдеулер қосады, оның мазмұны қолданбалы математиканың қазіргі заманғы бағыттарының бірі болып табылатын сингуляр ауытқу теориясының негізінде қалыптасады. Әдетте алынатын дифференциалдық теңдеулер негізінде қандай да бір нақты процесс немесе құбылысты зерттеу барысында дифференциалдық қатынастың жалпы түрін қалыптастыруға мүмкіндік беретін физикалық қағидалар жатыр. Ережеге сәйкес оларда жо-

ғары туындыда кіші параметрлер жиі кездеседі – бұл шектес қабаттар теориясындағы тұтқырлық мәні, кванттық электродинамикадағы электромагнитті өзара әрекеттестіктің интенсивтілігі, аспан механикасында планета массасының күн массасына қатынасы және т.с.с., яғни физикалық орта қасиеттерін анықтайтын параметрлер. Егер кіші параметр нөлге айналса, онда дифференциалдық теңдеулер үшін шешімнің бар болуының классикалық теоремасы мұндай теңдеулерге қолданылмайды. Бұл дифференциалдық теңдеулерге арналған әдеттегі сингуляр ауытқыған теңдеу.

Сингуляр ауытқыған дифференциалдық теңдеулер теориясы дифференциалдық теңдеулермен теңдей ғылымның көптеген аймақтарында кеңінен қолданылады. Ажырамайтын айнымалылары бар қарапайым дифференциалдық теңдеулер теңіз деңгейінің биіктігіне байланысты атмосфералық қысымның өзгеру процесін де, радийдің ыдырау процесін де, халық санының өзгеру процесін де, дененің салқындау процесін де және т.с.с. сипаттайды. Сызықты дифференциалдық теңдеулер теориясының қолданылатынын суреттейтін көптеген түрлі мысалдарды радиоаспаптар береді. Бұл жағдайда уақыттың белгісіз функциялары болып аспаптың түрлі бөлшектері арқылы өтетін токтар шамасы немесе аспаптың жеке түйіндері арасындағы кернеудің түсуі табылады. Мұндай теңдеулерді шешуге тригонометриялық (немесе гармоникалық) ауытқулар тән. Есептерді шешуде қойылған жалпы шешімнің қарапайым сапалы талдауын жүргізуге, аспап жұмысында «орнатылған режимнің» нақты бейнесінің моделінің тұрақты шешімдерінің сәйкестігін орнатуға болады. Үлкен туындыда кіші параметрлі теңдеулерді шешуді өзара әрекеттесуші биологиялық популяцияның (мысалы, Вольтерр-Лотка моделі) даму, кіші тұтқырлықты сығылмайтын сұйықтықтың ағынының және т.с.с. динамикасын сипаттайтын модельдермен суреттеуге болады.

Қосымшадағы мысалдармен сингуляр ауытқыған теңдеулерді меңгеру сабаққа әрқелкілік ендіреді, қиял мен ойлаудың дамуына себеп береді, математик бакалаврларға сингуляр ауытқыған дифференциалдық теңдеулердің абстрактілігі математикалық модельдер көмегімен табиғат құбылыстарын меңгеру құралы болып табылатынын көрсетеді.

Сингуляр ауытқыған теңдеулер болашақ математик бакалаврларды олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, математикалық мәдениеттің, әсіресе, математикаға оқытуда қолданбалы және тәжірибелік бағыттылықтың мәнін түсіну, математикалық модельдеудің әдісін меңгеру, оқытуда пәнаралық байланысты іске асыру шеберлігі сияқты нақты деңгейін қалыптастыру жоспарында нық дайындауда үлкен рөлді ойнайды. Дифференциалдық теңдеулер курсының гуманитарлық потенциал компоненттерінің қатарына жоғарыда аталғандардан басқа, біздер, сонымен қатар, сингуляр ауытқыған теңдеулермен сәйкестікте осы курстың кәсіби-педагогикалық бағыттылығын жатқызамыз, және де математикалық талдаудың басқа бөлімдерімен салыстырғанда мұнда оқытудың кәсіби-педа-

гогикалық бағыттылығының толыққанды жүзеге асуы үшін көптеген мүмкіндіктері жасырылған, өйткені, болашақ математик бакалавр сингуляр ауытқыған теңдеулер курсы менгеруге негізінен, педагогикалық тәжірибеден өтіп, математиканы оқыту әдістемесі курсы менгеріп барып өтеді. Бұл курс оқытушысына курста математикалық (жалпы ғылымилық) және әдістемелік бағыттарды айрықша сәйкес біріктіруші екі жақтылық принципін жүзеге асыру бойынша ерекше міндеттерді жүктейді.

Сингуляр ауытқыған теңдеулер мен оның әдістерін меңгеру біз өмір сүріп жатқан әлемді тану үшін тағы бір құрал ретінде нақты физикалық кеңістік туралы бейнелі және ғылыми түсінікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, осы уақытқа дейін математиканы оқыту әдістемесі мен педагогикасы аймағында сингуляр ауытқыған теңдеулерге оқытудың жалпы мәдени және жалпы білім беру құндылықтарын негіздеуге, сонымен қатар сәйкес оқу курстарына оқытудың ғылыми-негізделген теориялық-әдістемелік жүйелерін құруға бағытталған зерттеулер жүргізілмеген. Сингуляр ауытқыған теңдеулер бір жағынан, өзінің ерекшелігімен, өзінің терминологиясымен, өзінің модельдерімен аса абстрактілі болып табылады. Бұл курсты меңгере отырып бакалавр көп жағдайда өзінің бағдарын жоғалтады, болашақ математика бакалавры үшін осының барлығы не үшін қажет екенін түсінбейді. Екінші жағынан, сингуляр ауытқыған теңдеулер – болашақ математик бакалаврларда ойлаудың қолданбалы математикалық мәдениеті, ауытқулар теориясының құрылу, қолданбалы зерттеулерді нақты талдау негіздерінің, соның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолданып және де тәрбиелік мағынадағы жалпы мәдени тарихы сияқты компоненттердің қалыптасуына ықпал ететін сингуляр ауытқыған теңдеулерді оқыту жүйесінің болмауынан математиканың маңызын, оның қолданбалы бағыттылығын жете түсіну ісінде ең әмбебабы болып табылады. Педагогикалық тәжірибелер мүлдем жүргізілмеген жаратылыстану ғылыми бағытындағы болашақ математик бакалаврларды дайындау жүйесінде сингуляр ауытқыған теңдеулерді оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін құрастыру есебінен жою қажеттілігі және ұғыну мен жалпы мәдени зерттеулер, және де жеке жағдайда сингуляр ауытқыған теңдеулердің кәсіби-педагогикалық потенциалы қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Арнайы құрастырылған әдістемелік жүйелер мен теориялық тәсілдерді қолдану негізінде сингуляр ауытқыған теңдеулерді оқыту қолданбалы математика аймағында мамандарды дайындау жүйесіне өз әсерін тигізеді, ал ол:

- жаратылыстану ғылыми бағытындағы математик бакалаврларды оқытудың сапасын жоғарылатуға;
- сингуляр ауытқыған теңдеулерді жоғары оқу орындарында оқытудың кәсіби-педагогикалық мәнін ашуға;
- дүниетанымын, оқытудың психологиялық аспектілерін, ойлаудың логикалық мәдениетін, пәнаралық байланыстар мен оқытудың қолданбалы

бағыттылығын, оқытудың тарихи-математикалық алғышарттарын кеңейтуге;

- қолданбалы математика саласындағы болашақ мамандардың сингуляр ауытқыған теңдеулер бойынша білімдерін қолданбалы зерттеулер талдауында қолдануға дайындығын жоғарылатуға көмектеседі.

Зерттеулер жүргізу нәтижесінде:

1) сингуляр ауытқыған теңдеулерді оқыту болашақ математик бакалаврлардың дүниетанымының кеңеюіне, ойлаудың логикалық мәдениетінің дамуына, пәнаралық байланыстар мен оқытудың қолданбалы бағыттылығын жүзеге асыруына ықпал етеді деп қорытындылайтын сингуляр ауытқыған теңдеулерді оқытудың теориялық-әдіснамалық мәндері айқындалады;

2) сингуляр ауытқыған теңдеулерге оқытуда математик бакалаврлар зерттеу барысын сипаттайтын ауызша әдісті, ұқсастықты қолданып, көрнекі түрде көрсетуді қалыптастыру тәсілдерін, қолданбалы сипаттағы логикалық қорытынды шығара алу, зерттелетін объектінің моделін құрастыру және түзету қабілеттілігін меңгеретіні көрсетіледі;

3) оқытуға қажетті есептер таңдалады және жаңа есептер құрастырылады. Олардың ішінде: еселі спектрлі, шекті оператор спектрінің тұрақсыз нүктесі бар, жылдам осцилляцияланатын коэффициентті, интегралды оператор өзегінің спектральді ерекшелікті және т.б. сингуляр ауытқыған есептерді келтіру мүмкін. Бұл есептер жылдам ауысумен байланысқан процестер мен құбылыстардың қасиеттерін зерттеу үшін қолданылуы мүмкін. Қайтадан қалыптасқан сингуляр ауытқыған есептер үшін бар болу, жалпы итерациялық есептердің шешімінің жалғыздығы, формальды шешімдердің асимптотикалық жинақтылығы, шектік теңдеулердің шешіміне жуық шешімдердің бірқалыпты жинақтылығы және т.б. теоремалары дәлелденеді.

4) математик бакалаврларда өзінің болашақ кәсіби қызметінде қолдануға мүмкіндік беретін сингуляр ауытқыған есептер бойынша алынған нәтижелерді талдау, салыстыру, жалпылауға қажетті білім, шеберлік пен дағдының қажетті деңгейі қалыптасуы қажет, ал бұл математик бакалаврдың білімді меңгергендігінің жоғары деңгейін сипаттайды.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Мордкович А.Г.* Профессионально-педагогическая направленность специальной подготовки учителя математики в педагогическом институте: Дисс... д-ра пед. наук – М., 1986. – 355с.
2. *Лукашкин Г.Л.* Научно-методические основы подготовки учителя математики в педагогическом институте: Автореф. дисс... д-ра пед. наук, 1989. – 59 с.
3. *Хамов Г.Г.* Методическая система обучения алгебре и теории чисел в педвузе с точки зрения профессионально-педагогического подхода: Дисс... д-ра пед. наук – М., 1994. – 372с.
4. *Стефанова В.Н.* Теоретические основы развития системы математической подготовки учителя математики в педагогическом вузе: Дисс... д-ра пед. наук – Санкт-Петербург, 1996. – 366 с.

5. *Асланов Р.М.* Методическая система обучения дифференциальным уравнениям в педвузе: Дисс... д-ра пед. наук – М., 1997. – 390 с.

6. *Корнилов В.С.* Теоретические и методические основы обучения обратным задачам для дифференциальных уравнений в условиях гуманитаризации высшего математического образования: Дисс... д-ра пед. наук – М., 2008. – 481 с.

7. *Сидоров Ю.В.* Преемственность в системе обучения алгебре и математическому анализу в школе и в вузе: Дисс... в форме науч. докл. д-ра пед. наук. – М., 1994. – 35 с.

8. *Шабунин М.И.* Научно-методические основы углубленной математической подготовки учащихся средних школ и студентов вузов: Дисс... в форме науч. докл. д-ра пед. наук. – М., 1994. – 27 с.

9. *Баврин Г.И.* Усиление профессиональной и прикладной направленности преподавателя математического анализа в педвузе (на материале курса «Дифференциальные уравнения»): Дисс... д-ра пед. наук – М., 1998. – 195 с.

10. *Найманов Б.А.* Реализация прикладной направленности преподавания дифференциальных уравнений в педагогическом институте: Дисс... д-ра пед. наук – М., 1992. – 172 с.

11. *Сурганов К.* Вопросы изучения дифференциальных уравнений в школе: Дисс... канд. пед. наук – Алма-Ата, 1972. – 152 с.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье приводятся роль и значение сингулярно возмущенных уравнений в фундаментальной подготовке математика бакалавра в плане формирования научного мировоззрения, определенного уровня математической и методической культуры, понимание сущности прикладной и практической направленности обучения математике, умение осуществлять в обучении межпредметные связи.

**(Калимбетов Б.Т., Хабибуллаев Ж.О. Роль и значение сингулярно возмущенных уравнений в подготовке математиков бакалавров естественно научного направления)**

#### **SYMMARY**

The article provided the role and importance of singularly perturbed equations in fundamental preparation mathematics bachelor in terms of the formation of the scientific worldview, a certain level of mathematical and methodological culture, understanding of the essence of applied and practice-oriented teaching mathematics, the ability to carry out the training interdisciplinary communication.

**(Kalimbetov B., Habibullaev Zh. The role and significance of singularly perturbed equations in the preparation of mathematics bachelor's natural science directions)**



ӘОЖ 001.3

Г.Т.ҚАЛДЫБЕКОВА

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТ КӨЗДЕРІНЕ ЖАСАЛҒАН СҰРАНЫС  
ПРОЦЕСІН БРЭДФОРДТЫҢ  
ИНФОМЕТРИЯЛЫҚ ЗАҢЫ АРҚЫЛЫ МОДЕЛЬДЕУ**

*Аннотация.* Мақалада Интернетте жарияланған ғылыми мақалалардың статистикалық талдау жасауда ақпараттық процестерді зерттеуде инфометриялық заңдылықтарды қолдана отырып, математикалық формаға келтіруде жиі қолданылатын инфометриялық модельдеу әдісі қарастырылған. Ақпаратты пайдалану процесінде, ақпарат көздеріне деген сұранысын және қажетті «ядросын» ерекшелікте Брэдфорд заңын пайдалану әдістері ұсынылған.

*Кілт сөздері:* инфометриялық заңдылықтар, математикалық модельдеу, Брэдфорд заңы, Брэдфорд аймағы, вербальдық сипаттама, журналдар «ядросы».

*Ключевые слова:* инфометрические закономерности, математическое моделирование, закон Брэдфорда, зона Брэдфорда, вербальная формулировка, «ядро» журналов.

*Anahtar kelimeler:* infometrik yasalar, matematiksel modelleme, Bradford yasası, Bradford alanı, sözlü formülasyonu, «çekirdek» dergiler.

*Key words:* infometrical regularities, mathematical modeling, law of Bradford, zone of Bradford, verbal formulation, «nucleus» of magazines.

Ғылыми зерттеулер және білім беру үдерісіне ақпараттық қызмет көрсетудің соңғы екі он жылдығында әдебиеттердің барлық үлкен үлесін электрондық түрге ауысу әрекеттерінде айтарлықтай алға жылжушылықтың бар екендігі байқалады. Интернетке қатысатын ғылыми құжаттар типтерінің түрлері саналуан. Бұл монографиялар, диссертациялар, қайталап басып шығарулар, конференция еңбектері, энциклопедиялар, анықтамалықтар, статистикалық кестелер, т.б. Осы электрондық ақпараттық ресурстарын пайдалану процесінде әр ғалымның жарияланымдары туралы толық мәліметтерді жинамай, ғылыми пәннің ерекшеліктеріне үңілмей, тек көлемін есепке ала отырып, жалпылама өнімділік шамасын ретімен бағалау – инфометриялық модельдеу арқылы жүзеге асырылады. Инфометриялық заңдылықтарды айқындауда Брэдфорд заңының маңыздылығы өте зор.

Брэдфорд 1934 ж. алғашқы болып «Брэдфордтың ақпараттарды тарату заңын» (Bradford's law of scattering) сипаттаған болатын [1]. Заңға сонымен

бірге отандық үрдісте «ақпараттарды шоғырландыру және сейілту» заңы деген ат берілген. Брэдфорд заңы екі түрлі сипаттамаға ие – «вербальды» және «графикалық».

"Вербальды" нұсқасын қарастырайық. Таңдалған ғылыми тақырып бойынша мақалалар жарияланған көптеген журналдарды ерекшелеп алып, осы мақалалардың басылым санының кемуі бойынша, яғни таңдалған тақырып бойынша ең көп жарияланымдары бар және кемінде бір мақала жарияланған журналдар бойынша реттеп шығайық. Содан осы реттелген журналдар жиынын таңдалған тақырып бойынша мақалалар саны бірдей болатындай етіп үш аймаққа бөлуге болады. Сонымен қатар, Брэдфорд заңы бойынша, сәйкес аймақтардағы журналдар бір-біріне  $1:q:q^2$  қатынаста болады, мұндағы  $q$  – кейбір бірліктен үлкенірек сан. Басқа сөзбен айтқанда, журналдар жиынтығында берілген тақырып бойынша барлық мақалалардың  $1/3$  бөлігінен тұратын басылымдар «ядрасы» орналасқан. Басқа журналдардан сонша мақаланы табу үшін, оларды  $q$  есе үлкенірек санмен алу керек. Соңында, қалған жарияланымдар «ядроға» қарағанда  $q^2$  есе көп болған басылымдар бойынша таратылады. Сонымен қатар, бұл заң коэффициентінің шамасын реттемейді, ол тек екінші «аймақтың» қуаттылығының біріншісінің қатынасы үшінші және екінші аймақтардың қуаттылығының қатынасына тең екенін дәлелдейді.

Егер заңның бастапқы вербальды сипаттамасын негізге алсақ, журнал «ядросының» салыстырмалы мөлшерін  $q$  коэффициентімен келесі түрде байланыстыруға болады. Айталық, көптеген  $S$  дерек көздері (журналдар) бар делік, сонымен бірге оның ішіне  $S_1$  (бірінші аймақ) енеді. Сонда, екінші аймақта –  $qS_1$  дерек көздері, үшіншісінде  $-q^2S_1$ . Сондықтан, мына теңдік жарамды:

$$S_1 + qS_1 + q^2 S_1 = S. \quad (1)$$

(1) теңдеуден  $q$  -ды табамыз:

$$q = -1/2 + \sqrt{S/S_1 - 3/4} \quad (2)$$

Іс жүзінде ядро, әдетте, жалпы басылымдар санының шағын бөлігін құрайтындықтан  $S/S_1 \gg 1$  теңсіздік орындалады. Сондықтан, оңайлатылған келесі бағалау орынды болады

$$q \approx \sqrt{S/S_1} \quad (3)$$

С.Брэдфорд дерек көздердің үш «аймағын» да зерттеп, бұл аймақтар санын сипаттаған [2]. Көптеген журналдарды үш бөлікке емес, аймақтардың еркін санына бөлінуі мүмкін. Бұл жағдайда, әрбір келесі аймақтағы басылымдардың саны алдыңғыға қарағанда  $q$  есе көп болады, ал әрбір аймақтағы журналдарға тиесілі мақалалар саны бірдей және тең, ал мақалалардың жалпы саны арқылы аймақ мөлшері айқындалады.

Брэдфордтың  $n$  аймақтары үшін мына теңдік орынды:

$$S_1 + qS_1 + \dots + q^{n-1}S_1 = S,$$

сәйкесінше,

$$S/S_1 = 1 + \dots + q^{n-1} = (q^n - 1)/(q - 1) \quad (4)$$

Бұл формула идеал брэдфордтық таралу үшін жарамды болып табылады. Ол үшін  $S_1$  «ядросының» өлшемін дұрыс белгілеу маңызды, одан әрі ядролық журналдарға тиесілі мақалалар саны бойынша аймақтардың саны  $n$  – мен белгіленеді (ол  $I$  жарияланымдардың жалпы санының «ядролық» мақалалар санының қатынасына тең), ал (4) формула арқылы Брэдфорд таралуының  $q$  коэффициенті анықталады.

Алайда, іс жүзінде Брэдфорд заңы кез келген инфометриялық модель ретінде сирек мүлтіксіз орындалады. Сондықтан,  $S_1, n, q$  үшін заңды жоғары немесе төмен дәрежеде қанағаттандыратын түрлі шамаларды таңдау арқылы Брэдфорд аймағына бөле аламыз. Осыдан кейін, бастапқы эксперименталдық деректерді барынша дұрыс жуықтататын, Брэдфордтың тарату параметрлерін анықтау мәселесі туындайды, олар:

$S$  – «дерек көздерінің» (журналдар) жалпы саны;

$I$  – «өнімдердің» (мақалалар) жалпы саны;

$s_1$  – өнімділігі ең төмен (яғни тандалған тақырып бойынша тек бір ғана мақала жарияланған журналдар саны) дерек көздер саны;

$i_{max}$  – дерек көзінің (яғни тандалған тақырып бойынша ең өнімді журналда жарияланған мақалалар саны) ең жоғары өнімділікпен өндірілген өнімдер саны.

Бұл мәліметтер эксперименталдық статистикалық жолмен алынады. Біздің зерттеуіміздің міндеттеріне зерттелуші ақпараттық массивте Брэдфорд моделінің параметрлерін келесі көрсеткіштер бойынша анықтау кіреді:

-  $S_1$  – «ядро» дерек көздерінің санын (бірінші Брэдфорд аймағында);

-  $I_B$  – әрбір Брэдфорд аймағындағы өнім санын;

-  $q$  – Брэдфордтың таралу коэффициентін;

-  $n$  – Брэдфорд аймақтарының санын.

Берілген есепті Брэдфорд моделіне ғана сүйене отырып шешу мүмкін емес. Деректер жиынына қойылатын қосымша шектеулер қажет, яғни, олардың басқа да инфометриялық заңдармен сәйкестігін жорамалдау. Бұл есепті шешудің бірнеше тәсілдері бар, мысалы, А.И.Яблонский әдісі [3,4]. Әдістің кейбір жалпылама құрылымын келтірейік. Мәліметтер келесі заңдылыққа бағынады.

$$i_r = s_1 / (r + a), \quad (5)$$

мұндағы  $i_r$ - өнімділігі кемуі бойынша реттелген журналдар тізімінде  $r$  - ші орын алған дерек көзіндегі мақалалар саны, ал  $a \approx s_1 / i$  коэффициент. Брэдфорд заңын орындау үшін (5) арқылы, бірінші және келесі Брэдфорд ай-

мақ журналдарындағы мақалалар көлемі теңестіріледі (бұл журналдар саны  $S_1, S_2, S_3, \dots$  бойынша белгіленеді):

$$\sum_1^{S_1} \frac{S_1}{r+a} = \sum_{S_1+1}^{S_1+S_2} \frac{S_1}{r+a} = \dots = \sum_{S_1+\dots+S_{n-1}+1}^{S_1+\dots+S_{n-1}+S_n} \frac{S_1}{r+a}.$$

Қосындылауды келесі интегралдық жуықтау әдісімен алмастырамыз

$$\int_1^{S_1} \frac{S_1}{r+a} dr = \int_{S_1+1}^{S_1+S_2} \frac{S_1}{r+a} dr = \dots = \int_{S_1+\dots+S_{n-1}+1}^{S_1+\dots+S_{n-1}+S_n} \frac{S_1}{r+a} dr.$$

Қосындыларды  $s_1$ - қысқартып, интегралдасақ келесі тепе теңдіктерге ие боламыз:

$$\ln \frac{S_1+a}{a+1} = \ln \frac{S_1+S_2+a}{S_1+a+1} = \dots = \ln \frac{S_1+\dots+S_{n-1}+S_n+a}{S_1+\dots+S_{n-1}+a+1}. \quad (6)$$

Бұл тізбектің екінші теңдігіндегі  $S_2$  бірінші теңдіктегі  $S_1$ -менен бейнеленеді:

$$S_2 = S_1(S_1+a)/(a+1).$$

Бұл көрсеткіштен  $q$  Брэдфордтың коэффициенті  $\frac{S_1+a}{a+1}$  тең екенін байқаймыз. (6) теңдеуін шешу үшін мына теңдік дұрыс келсін делік:

$$S_j = S_1 q^{j-1}, \quad j = 1 \dots m, \quad (7)$$

мұндағы  $q = \frac{S_1+a}{a+1}$ .  $j = m+1$  теңдігі үшін де орынды екенін көрсетейік.  $m$  – дік теңдеудің (7) тізбегінен аламыз:

$$q = 1 + \frac{S_{m+1}+1}{(S_1+\dots+S_m)+a+1}.$$

$\sum_{j=1}^m S_j$  өрнегі орнына  $S_1(q^m-1)/(q-1)$  өрнегімен алмастырып,  $S_{m+1}$  үшін мына теңдікті жазайық:

$$S_{m+1} = (q-1) \left( S_1 \frac{q^m-1}{q-1} + a+1 \right) + 1 = S_1 q^m + (a+1)q - (S_1+a).$$

$q = (S_1+a)/(a+1)$  оң жақ бөлігінде тек бірінші мүше қалатындықтан, біз ізделініп жатқан  $S_{m+1} = S_1 q^m$  теңдікті аламыз. Осылайша, Брэдфордтың  $q$  коэффициенті журнал «ядросының» қуаттылығымен мынадай теңдік бойынша байланысады:

$$q = (S_1+a)/(a+1). \quad (8)$$

Бұл тарату (5) формулаға бағыну фактісі негізінде келесі тепе-теңдікпен жазылады:

$$I(S) = \int_j^S \frac{S_1}{r+a} dr = S_1 \ln \frac{S+a}{a+1}, \quad (9)$$

мұнда,  $S$  – журналдар саны, ал  $s_1$  – төмен өнімділікті журналдар саны.

Брэдфордтың алғашқы  $m$  аймағындағы журналдар саны

$$S(m) = S_1(q^m - 1)/(q - 1). \quad (10)$$

Мұнда Брэдфорд аймақтар санына тиесілі мақалалар санын  $m$  арқылы белгілейміз және  $m = I / I_B$ . Осы салыстыруды (10) теңдеуіне қойып,  $I$ -ді  $S$  арқылы белгілей аламыз:

$$I(S) = \frac{I_B}{\ln q} \ln \left( \frac{q-1}{S_1} S + 1 \right). \quad (11)$$

Енді (11) мен (9) салыстыра келе, логарифмдік функция коэффициенттерін теңестіріп, Брэдфордтың таралу параметрлері арасындағы тәуелділікті аламыз:

$$I_B = s_1 \ln q. \quad (12)$$

Брэдфорд параметрлерін анықтауда жеткіліксіз болған қорытынды теңдеуді алу үшін, А.И.Яблонский соңғы Брэдфорд аумағы тек аз өнімділікті дерек көздерінен тұратындығы туралы болжам енгізді [3]. Бұл жағдайда, соңғы Брэдфорд аймағында өнімдер саны  $I_B$  осы аймақтағы дерек көздер санына сәйкес келеді және ол  $S_1 q^{n-1}$  тең, сондықтан біз екі теңдеуге ие боламыз:

$$I_B = S_1 q^{n-1}, \quad S = S_1(q^n - 1)/(q - 1),$$

мұнда екіншісін біріншісіне бөлу арқылы мына теңдікті аламыз:

$$\frac{S}{I_B} = \frac{q^n - 1}{q^n} \cdot \frac{q}{q - 1}. \quad (13)$$

$q^{n-1}$  Брэдфордтың алғашқы және соңғы аймағындағы дереккөздер санының қатынасына тең болғандықтан,  $q^n > q^{n-1} \gg 1$  болады. Сондықтан, (13) ке (12) теңдеудегі  $I_B$  мәнін қойсақ:

$$\frac{S}{s_1 \ln q} = \frac{q}{q - 1}$$

теңдеуді аламыз. Нәтижесінде Брэдфордтың  $q$  таралу коэффициентінің теңдеуін аламыз:

$$\ln q = \frac{S}{s_1} \frac{q - 1}{q}. \quad (14)$$

Теңдеудің дәл шешімін аналитикалық түрде ала алмаймыз. Егер  $q \square 1$  деп жорамалдасақ, онда  $\ln q \approx q - 1$  мынадай шешімді береді:

$$q = S / s_1. \quad (15)$$

Осы теңдеуді Брэдфордтың әр аймағындағы мақалалар саны үшін пайдаланып, мына теңдікті аламыз:

$$I_B = S(q - 1) / q = S - s_1. \quad (16)$$

Бірінші Брэдфорд аймағының дерек көздер көлемі үшін мына формула алынады:

$$S_1 = a(q-1) + q = s_1(q-1)/i_{\max} + q. \quad (17)$$

Осы (15), (16) және (17) теңдеулер жиыны Брэдфордтың таралу параметрлерін анықтайды. Брэдфорд аймақтарының жиынтық санын (16) формуласы бойынша,  $I$  – жалпы өнім санын  $I_B$  – әр аймақтағы өнімдер санына бөлу арқылы шығады. А.И.Яблонский алынған параметрлерді эксперименталдық мәліметтермен салыстыра отырып, математикалық модельмен эмпириканың жақсы үйлестігін алды [2].

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Брэдфорд С.К.* Источники информации относительно специфических тем. – Киев: Инжиниринг, 1934. – Т. 137. – С. 85–86.
2. *Писляков В.В.* Моделирование процесса обращения к электронным информационным источникам на основе инфометрического закона Бредфорда // Ученые записки Казан. ГУ. Серия физ-матем. науки. 2007. – Т. 149. – С. 116-127.
3. *Яблонский А.И.* Модели и методы исследования науки. – М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 400 с.
4. *Yablonsky A.I.* On fundamental regularities of the distribution of scientific productivity // *Scientometrics*. 1980. – Vol. 2, No. 1. – Pp. 3–34.

#### РЕЗЮМЕ

**(Yegamberdiyev B.Ye., Akembayev E.K., Multichannel fast-acting device on the basis of thermosensor for the controlled from distance control of temperature)**

ӨОЖ 531.383

**Ғ.Ж.ОРАЛБЕКОВ**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ магистранты

**Т.А.ТҰРМАМБЕКОВ**

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**П.А.САИДАХМЕТОВ**

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ

### **ЖАСАНДЫ СЕРІК БАҒДАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ**

***Аннотация.** Бұл жұмыста жасанды серіктің оскесимметриялы бағдарлаудың өзгерісін есептеуге арналған. Инерциалды санақ жүйесін серіктің массалар центрімен байланыстырылады. Бұл жағдайда есеп қарапайым түрге келтіріледі. Серіктің инерциалды санақ жүйесіндегі қозғалыс теңдеулері беріледі. Осы инерциалды санақ жүйесіндегі кинетикалық моменті мен кинетикалық энергиясы сақталатындығы көрсетіледі. Осы екі сақталу заңына сүйеніп серік бағдарлауының өзгерісі туралы есепте екі сақталу заңына сүйенеміз.*

***Кілт сөздері:** серік, бағдар, инерциялық жүйе, жер, жұлдыз, масса орталығы, дене симметриясы, айналу моменті, гироскоп, процессия.*

***Ключевые слова:** спутник, ориентация, инерциальные системы, земля, звезда, центр массы, симметрия тела, момент вращения, гироскоп, процессия.*


***Anahtar kelimeler:** uydu, oryantasyon, atalet sistemleri, arazi, yıldız, kütle merkezi, vücut simetrisi, rotasyon momenti, jiroskop, alay.*

***Key words:** satellite, orientation, inertial systems, land, star, the center of mass, symmetry of the body, angular rotation momentum, gyroscope, procession.*

Жасанды серік гелиоцентрлік санақ жүйесіндегі бағдарлауының өзгеру заңын анықтау керек. Ол үшін, инерциалды санақ жүйесі  $S$  ретінде өстері «жылжымайтын» жұлдыздарға бағытталған, санақ басы ретінде жер центрі болатын жүйені аламыз [1]. Мысал ретінде жасанды серік өзінің бағытын инерциалды санақ жүйесіне салыстырғанда тұрақты  $\vec{\omega}$  бұрыштық жылдамдықпен өзгертіп отырсын делік.  $S'$  жүйесінің бастапқы нүктесі ретінде жасанды серікпен қатаң түрде байланған деп алып, оны массалар



центріне орналастыралық, ал  $o'z'$  -осі жасанды серіктің материалдық симметрия осімен бағыттаймыз (1-сурет).



1-сурет. Инерциалды координата жүйесіне салыстырғандағы кинетикалық момент бағытының берілген бұрышы.

Жасанды серіктің қозғалыс теңдеуін келесі түрде жазамыз [1,7]:

$$\begin{aligned} m\ddot{\vec{r}}_m &= \vec{F} & m\ddot{\vec{r}}_n &= \sum_i m_i \vec{g} \langle \vec{e}_i \rangle \\ \dot{\vec{L}} &= \vec{M} & \dot{\vec{L}} &= \sum_i \vec{L}_i \langle \vec{e}_i \rangle \end{aligned} \quad (1)$$

мұндағы  $m$  – серік массасы.  $S'$  жүйесіне салыстырғанда  $\vec{r}'_i$  - радиус вектор мен  $S$  жүйесіне салыстырғандағы  $\vec{r}_m$  - радиус векторы, серіктің  $i$ -ші кіші

бөлігі тұратын кеңістік нүктесіндегі  $\vec{g} \langle \vec{e}_i \rangle = \gamma \frac{m_{жс}}{r^3} \vec{r}_i$  жердің тартылыс өрісінің кернеуі. Серіктің өлшемі жер центрінен серіктің кез келген нүктесіне дейінгі арақашықтыққа дейінгі өлшемнен әлдеқайда кіші болғандықтан ескермеуге болады, сондықтан  $\vec{g} \langle \vec{e}_i \rangle \approx \vec{g} \langle \vec{e}_m \rangle$  деп аламыз.

Бұл айтылғандарды ескере отырып алатынымыз:

$$\ddot{\vec{r}}_m = \vec{g} \langle \vec{e}_m \rangle, \quad \dot{\vec{L}} = m \vec{L}' \langle \vec{e}_m \rangle \neq 0, \quad (2)$$

мұндағы:  $\vec{r}_m$  –  $S$  жүйесіне салыстырғандағы серіктің массалар центрінің радиус-векторы.  $\vec{r}'_m = 0$  болатындай етіп,  $S'$  -жүйесін таңдап аламыз, яғни

серіктің массалар центрі  $S'$  жүйесінің басымен сәйкес келу керек. Бұл әдіс есепті қарапайым түрге алып келеді. Бұл әдіс есепті қарапайым түрге алып келеді. Сонымен, серік қозғалысының түрі екі тәуелсіз есепке келеді [2,3]: массалар центрінің қозғалысы туралы және массалар центрі  $S_m$ -ге ілгерлемелі қозғалыстағы жүйеге салыстырғандағы серік бағытының өзгерісі туралы есеп.

Екінші теңдеуден көретініміз  $S_m$ -ге салыстырғанда айнарудың кинетикалық моменті сақталады. Сонымен қатар,  $S$  – жүйеге салыстырғанда серіктің толық энергиясының интегралын келесі түрде жазамыз:

$$\frac{mv_m^2}{2} + K + U = E_0. \quad (3)$$

$U = -m\vec{g} \cdot \vec{r}_m$  массалар центрінің қозғалысы теңдеуін пайдаланып

$$\frac{mv_m^2}{2} - m\vec{g} \cdot \vec{r}_m = const \quad (4)$$

теңдікті аламыз.

Үшінші және төртінші теңдеулерді салыстырып көретініміз, айналмалы қозғалыстың кинетикалық энергиясы да сақталады, бұдан шығатыны серік бағытының өзгерісі туралы есепте екі сақталу заңына сүйенуімізге болады:

$$\vec{L} = L_0, \quad K = K_0. \quad (5)$$

$O'z$  ості  $\vec{L}_0$  – векторға бағыттап, түйін сызығына  $L_\xi$  – моментінің проекциясы нөлге тең болатындай етіп аламыз. Екінші жағынан бұл проекциялар [1, 4, 5]:

$$\begin{aligned} \vec{L}_\xi &= \vec{L}_{x'} \cos \psi - \vec{L}_y \sin \psi, \\ \vec{L}_{x'} &= J_{x'} \omega_{x'}; \quad \vec{L}_{y'} = J_{y'} \omega_{y'}; \quad \vec{L}_z = J_z \omega_z, \end{aligned}$$

мұндағы:

$$\begin{aligned} \omega_{x'} &= \dot{\varphi}' \sin \psi \sin \theta + \dot{\theta} \cos \psi, \\ \omega_{y'} &= \dot{\varphi}' \cos \psi \sin \theta - \dot{\theta} \sin \psi, \\ \omega_z &= \dot{\varphi}' \cos \theta + \dot{\psi}. \end{aligned}$$

Бұрыштық жылдамдықтарының  $S'$ -жүйесіндегі проекциялары (2-сурет), Эйлердің кинематикалық және динамикалық теңдеулері, осының бәрін ескере отырып, симметриялы серік теңдеуін келесі түрде жазуға болады:

$$L_\xi = J_x \dot{\theta}.$$

Яғни, алынған  $\theta = \theta_0$  координаталар жүйесінде,  $\vec{L}_0$ -ге салыстырғандағы дененің симметрия осінің көлбеулігі тұрақты болып қалады. Бұл теңдеулер

бұрыштық жылдамдықтар векторының проекциясының серіктің симметрия осінде сақталатындығын көрсетеді. 1-суреттен көретініміздей [1,2,6],  
 $\vec{L}_{z'} = \vec{L}_0 \cos\theta = J_{z'} \omega_{z'}$  болғандықтан,

$$T = \frac{J_{x'}^m}{2} (\dot{\varphi}^2 \sin^2 \theta + \dot{\theta}^2) + \frac{J_{z'}^m}{2} (\dot{\varphi} \cos\theta + \dot{\psi})^2$$

өрнегін пайдаланып энергияның интегралын келесі түрде жазамыз:


$$J_{x'}^m (\dot{\varphi}^2 \sin^2 \theta + \dot{\theta}^2) + J_{z'}^m (\dot{\varphi} \cos\theta + \dot{\psi})^2 = 2K_0,$$

мұндағы:  $J_{x'}^m, J_{z'}^m$  – серіктің негізгі орталық инерция моменттері.

Бұл жерден  $\theta_1$  және  $\omega_{z'}$  тұрақтылығын ескере отырып,  $\dot{\varphi}$  - шамасының да тұрақты екендігі туралы қорытындыға келеміз, бұның өзі  $\dot{\psi}$  шамасының тұрақтылығын білдіреді.

Сонымен, серіктің симметриясы және оның импульс моменті мен кинетикалық энергиясының сақталу заңдарынан келесі теңдеулерге келеміз:

$$\begin{aligned} \dot{\psi} &= \dot{\psi}_0, \quad \dot{\theta} = 0, \quad \dot{\varphi} = \dot{\varphi}_0 \\ \varphi &= \dot{\varphi}_0 t + \varphi_0, \quad \theta = \theta_0, \quad \psi = \dot{\psi}_0 t + \psi_0. \end{aligned} \quad (7)$$



**2-сурет.** Кинетикалық момент бағытымен байланысқан координата жүйесіне салыстырғандағы дененің берілген бағыттамасының бұрыштары.

Яғни, еркін симметриялы серік тұрақты түрде процессия құбылысында болады. Бұл қозғалысқа серіктің симметрия осімен оның айналу осі [1,6,7] инерциалды жүйеге салыстырғанда тұрақты  $\varphi_0$  - процессия жылдамдығымен

$\vec{L}_0$ -тұрақты вектор айналысында өздері айналады, бұл олардың көлбеулігі  $L_0$ -векторына салыстырғанда әртүрлі болады, бірақ тұрақтылығын сақтайды, ал серік бағытының өзгеруінің бұрыштық жылдамдығы, шамасы жағынан тұрақты бола тұрып ылғи айналу жазықтығында жатады да  $\vec{L}_0$ - векторымен симметрия осін құрайды.

Егер бастапқы моментте симметрия осі  $\vec{L}_0$ -векторының бағытымен сәйкес келетін болса, онда (7) –теңдеудің шешімінен

$$\theta = \theta = 0, \omega_{x'} = \omega_y = \omega_x = \omega_y = 0, \omega_{z'} = \omega_z = \omega$$

аламыз, яғни бұл жағдайда серік инерцияның негізгі осі бойымен айналып, қозғалатын болады да инерциалды жүйе салыстырғандағы бағытын сақтайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Раушенбах Б.В., Овчинников М.Ю. Лекции по динамике космического полета. – М.: МФТИ, 1997. – 188 с.
2. Космонавтика: Энциклопедия. – М.: Сов. Энциклопедия, 1985. – С. 280-281.
3. Белецкий В.В. Очерки о движении космических тел. – М.: Наука, 1977. – 432 с.
4. Творческое наследие академика Сергея Павловича Королева: Избранные труды и документы // Под ред. М.В. Келдыша. – М.: Наука, 1980. – С. 373-374.
5. Сарычев В.А. Вопросы ориентации искусственных спутников // Итоги науки и техники. Исследование космического пространства. – М.: ВИНТИ, 1978. – Т. 11. – 223 с.
6. Севастьянов Н.Н. Повышение точности режима инерциального управления «прогноз» // Вестник Томского ГУ. Математика и механика. 2013. №6(26). – С. 88–95.
7. Ilyin A.A., Ovchinnikov M.Y., Penkov V.I. Orientation Maintenance of a Small Spin-Stabilized Satellite. Preprint, Inst. Appl. Math., the Russian Academy of Science. – 2012.

#### РЕЗЮМЕ

Настоящая работа посвящена решению задачи ориентации осесимметричного спутника. По предположению требуемая ориентация спутника сохраняется за счет его собственного вращения вокруг оси симметрии.

**(Оралбеков Г.Ж., Турмамбеков Т.А., Саидахметов П.А. Изменение ориентированности искусственного спутника)**

#### SUMMARY

The preprint is devoted to an orientation problem of the small axisymmetrical satellite. Under the assumption, required orientation of the satellite is maintained due to its spin-rotation around of the axis of symmetry.

**(Oralbekov G.Zh., Turmambekov T.A., Sayidahmetov P.A. Change the orientation of an artificial satellite)**

ӘОЖ 519.63

**М.А.СҰЛТАНОВ**

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**М.А.ОСПАНОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты

### **БІР ӨЛШЕМДІ СИГНАЛДАРДЫ ТИХОНОВТЫҢ РЕГУЛЯРИЗАЦИЯ ӘДІСІМЕН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ**

*Аннотация.* Мақалада бірөлшемді сигналдарды Тихоновтың регуляризация әдісімен қалпына келтіру есебі қарастырылған. Тихонов функционалына минимум беретін элемент Эйлер теңдеуінің шешімі болатындығына сүйене отырып Эйлер теңдеуіне қойылған шекаралық есептің шешімі Грин функциясы арқылы алынған. Алынған Грин функциясының кейбір қасиеттері дәлелденген. Осы Грин функциясы көмегімен құрылған интегралдық оператор арқылы өрнектелген функцияны қалпына келтіруде регуляризация әдісі қолданылған. Қалыпқа келтірілетін функцияны есептеу квадратуралық трапеция формуласы көмегімен жүзеге асырылған. Регуляризация параметрін анықтау үшін кесіндіні қақ бөлу әдісі пайдаланылды. Құрылған есептеу алгоритмінің дұрыстығын тексеру барысында бірөлшемді сигналдарды қалпына келтіруге есептеу тәжірибелері жүргізілген.

*Кілт сөздері:* бейнелерді тіктеу, қисынсыз есеп, регуляризация, регуляризация параметрі, Тихонов функционалы, Эйлер теңдеуі, Вронский детерминанты, Грин функциясы.

*Ключевые слова:* восстановление изображений, некорректная задача, регуляризация, параметр регуляризации, функционал Тихонова, уравнение Эйлера, детерминант Вронского, функция Грина.

*Anahtar Kelimeler:* görüntü restorasyonu, kötü çıkardığı sorun, düzenlileştirmeye, düzenlileştirme parametresi, fonksiyonel Tikhonov, Euler denklemi, Vronsky belirleyicileri, Green fonksiyonu.

*Key words:* image reconstruction, ill-posed problem, regularization, the regularization parameter, the Tikhonovfunctional, Euler equation, the determinants of Vronsky, the Green's function.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта математикалық модельдеу әдістері мен компьютерлік технологиялардың кең қолданыс тапқан салаларының бірі –

бейнелерді өңдеу мен талдау саласы. Тіркеу және объект жүйесінің өзара қозғалысы, фокусировканы дұрыс таңдамау және басқа да себептер есебінен бейнелерді интерпретациялау мәселелері келіп шығады [1].

Бейнелерді өңдеудің көптеген есептерін шешу үшін алынатын шешімдердің орнықтылығын қамтамасыз ететін есептеу алгоритмдерін құру қажет болады. Мұндай есептерге шу қосылған бейнелерді фильтрация жасау, әдеттегі қалпы бұзылған фотосуреттерді қалпына келтіру және басқа да есептер мысал бола алады. Осы атап өтілген есептер, әдетте, қисынсыз есептер болады. Бейнелерді қалпына келтіру нәтижелерінің орнықтылығын қамтамасыз ететін әдістер регуляризациялаушы алгоритмдер негізінде құрылады. Қисынсыз есептерді шешу әдістері соңғы 40-50 жыл аралығында қарқынды дамып, бұл саладағы негізгі жетістіктер жетекші ғалымдар А.Н.Тихонов, М.М.Лаврентьев және В.К.Иванов еңбектерімен байланысты [2, 3, 4]. Сондай әдістердің бірі академик А.Н.Тихонов ұсынған регуляризация әдісі.

Бейнелердегі қалпына келтіруді, шуды азайтудың көптеген әдістері бейненің жоғары жиілікті компоненттерін жоюға негізделген. Осы амалды жүзеге асыру дискрет Фурье түрлендіруінің, косинустық түрлендірудің және басқа түрлендірулердің [5,6] жоғары жиілікті компоненттерінің әсерін тікелей азайту арқылы орындалады. Бейнелерді қалпына келтірудің тағы бір әдісі төменгі фильтрлі жарықтық функциясының үйірткісін қолдану болады [7]. Бұл әдісті бейнелерді қалпына келтіруде қолдану шуды жеткілікті жақсы деңгейде жоюға алып келеді, бірақ бейненің кейбір маңызды бөліктерін де жойып жібереді. Соңғы кезде бейнелерді қалпына келтіруде А.Н.Тихоновтың регуляризация әдісі кең қолданыс тапты [8, 9, 10]. Мақалада бір өлшемді жағдайда А.Н.Тихонов функционалын пайдалануға негізделген регуляризациялаушы әдіс көмегімен сигналдарды қалпына келтіру есебі қарастырылған.

### **1. Бір өлшемді сигналдарды қалпына келтіру есебі**

Бір өлшемді сигналдарды А.Н.Тихоновтың регуляризация әдісімен қалпына келтіру есебін қарастырамыз.

Есептің қойылымы мынадай: берілген  $u_\delta \in L_2 -1,1$  жуықтау үшін белгісіз  $\bar{u} \in W_2^1 -1,1$  функцияны қалпына келтіру керек, яғни сондай  $u_{\alpha \delta} \in W_2^1 -1,1$  тегістелген функцияны табу қажет,

$$\|u_{\alpha \delta} - \bar{u}\|_{W_2^1}^2 \rightarrow 0, \delta \rightarrow 0 \text{ шарты орынды болсын.}$$

Осы қойылған есептің шешімі ретінде төмендегі

$$\Phi_{\alpha} u = \|u - u_{\delta}\|_{L_2}^2 + \alpha \left\| \frac{d}{dx} u \right\|_{L_2}^2 \quad (1)$$

Тихонов функционалын минимизациялайтын  $u_{\alpha}$  функцияны аламыз, мұнда  $\alpha > 0$  болып, оны регуляризация параметрі деп атайды.

Жоғарыда келтірілген А.Н.Тихонов функционалын минимизациялайтын  $u_{\alpha}$  функция төменде келтірілген Эйлер теңдеуін қанағаттандырады:

$$\begin{cases} -\alpha u_{\alpha}'' + u_{\alpha} = u_{\delta}, & -1 \leq x \leq 1, \\ u_{\alpha}'(-1) = u_{\alpha}'(1) = 0. \end{cases} \quad (2)$$

Осы (2) есептің шешімін айқын түрде Грин функциясы көмегімен жазуымызға болады. Ол үшін екінші ретті қарапайым біртекті емес дифференциалдық теңдеу үшін шеттік есепті қарастырамыз:

$$L y \equiv \frac{d}{dx} \left[ p(x) \frac{dy}{dx} \right] - q(x)y = -f(x), \quad a < x < b, \quad (3)$$

$$\beta_1 y(a) - \gamma_1 y'(a) = y_0, \quad \beta_2 y(b) - \gamma_2 y'(b) = y_1,$$

мұнда  $p(x)$ ,  $p'(x)$ ,  $q(x)$  және  $f(x)$   $a, b$  аралықта үзіліссіз функциялар және барлық  $x \in a, b$  үшін  $p(x) \geq p_0 = \text{const} > 0$ ,  $q(x) \geq 0$  шарты орынды деп есептейміз,  $\beta_i, \gamma_i, i=1,2$ ,  $y_0, y_1$  – берілген сандар, сондай-ақ,  $\beta_i^2 + \gamma_i^2 \neq 0$ .

(3) шеттік есептің шешімі төменде келтірілген формула арқылы анықталады:

$$y(x) = -\frac{1}{p(a)W(a)} \left[ y_2(x) \int_a^x f(t) y_1(t) dt + y_1(x) \int_x^b f(t) y_2(t) dt \right] \quad (4)$$

немесе

$$y(x) = \int_a^b G(x,t) f(t) dt, \quad (5)$$

$$G(x,t) = -\frac{1}{p(a)W(a)} \begin{cases} y_1(x) y_2(t), & a \leq x \leq t, \\ y_2(x) y_1(t), & t \leq x \leq b. \end{cases} \quad (6)$$

Мұндағы  $G(x,t)$  функция (3) шеттік есептің Грин функциясы деп атайды, ал  $y_1(x)$ ,  $y_2(x)$  функциялар (3) есепке сәйкес келетін біртекті есептің сызықты тәуелсіз нөлге тең болмаған шешімдері,  $W$  –  $y_1(x)$ ,  $y_2(x)$  функциялар үшін Вронский детерминанты. (3) шеттік есептің шешімінің бар болуы және

жалғыз болуы үшін қажет шарттар және олар негізінде (4)-(6) формулаларды келтіріп шығару жолдары [11, 324-333 б.] келтірілген.

Біздің есепте теңдеу мына түрде

$$u''_{\alpha} - \frac{1}{\alpha} u_{\alpha} = -\frac{1}{\alpha} u_{\delta}, \quad (7)$$

ал  $p(x) \equiv 1$ ,  $q(x) = \frac{1}{\alpha}$ ,  $f(x) = \frac{1}{\alpha} u_{\delta}$ . (7) теңдеуге сәйкес келетін

$u''_{\alpha} - \frac{1}{\alpha} u_{\alpha} = 0$  біртекті теңдеудің жалпы шешімі мынадай:

$$u_{\alpha}(x) = c_1 e^{x/\sqrt{\alpha}} + c_2 e^{-x/\sqrt{\alpha}}.$$

Осы жалпы шешімнен  $u'_{\alpha} - 1 = 0$  шартты қанағаттандыратын шешімді табамыз. Ол үшін туындыны есептейміз:

$$u'_{\alpha}(x) = c_1 e^{x/\sqrt{\alpha}} - c_2 e^{-x/\sqrt{\alpha}} / \sqrt{\alpha}.$$

Сонда

$$0 = u'_{\alpha} - 1 = c_1 - c_2 e^{2x/\sqrt{\alpha}} / \sqrt{\alpha} \cdot e^{1/\sqrt{\alpha}}.$$

Жоғарыдағы теңдіктен көрініп тұрғандай, егер  $c_2 = 1$ ,  $c_1 = e^{2/\sqrt{\alpha}}$  деп алатын болсақ,  $u'_{\alpha} - 1 = 0$  шарты орынды болатындығын көруімізге болады.

Сонымен, біртекті  $u''_{\alpha} - \frac{1}{\alpha} u_{\alpha} = 0$  теңдеудің  $u'_{\alpha} - 1 = 0$  шартты қанағаттандыратын нөлге тең болмаған бір шешімі мынадай болады:

$$u_{\alpha 1}(x) = e^{2/\sqrt{\alpha}} \cdot e^{x/\sqrt{\alpha}} + e^{-x/\sqrt{\alpha}}.$$

Дәл осылай екінші шешімді табамыз;

$$u_{\alpha 2}(x) = e^{x/\sqrt{\alpha}} + e^{2/\sqrt{\alpha}} \cdot e^{-x/\sqrt{\alpha}}.$$

$u_{\alpha 1}(x)$ ,  $u_{\alpha 2}(x)$  функциялар үшін Вронский детерминанты

$$W[u_{\alpha 1}(x), u_{\alpha 2}(x)] = \begin{vmatrix} u_{\alpha 1}(x) & u_{\alpha 2}(x) \\ u'_{\alpha 1}(x) & u'_{\alpha 2}(x) \end{vmatrix} = \frac{2}{\sqrt{\alpha}} (1 - e^{4/\sqrt{\alpha}}) \neq 0$$

болатындығын тікелей есептеу жолымен тексеріп көру қиынға соқпайды, яғни  $u_{\alpha 1}(x)$ ,  $u_{\alpha 2}(x)$  функциялар сызықты тәуелсіз болған функциялар.

$u_{\alpha 1}(x)$ ,  $u_{\alpha 2}(x)$  функциялар үшін есептелген жоғарыдағы Вронский детерминантын мына түрде жазып алсақ болады:



$$W[u_{\alpha 1} x, u_{\alpha 2} x] = \begin{vmatrix} u_{\alpha 1} x & u_{\alpha 2} x \\ u'_{\alpha 1} x & u'_{\alpha 2} x \end{vmatrix} = \frac{2}{\sqrt{\alpha}} (1 - e^{4/\sqrt{\alpha}}) = -\frac{4}{\sqrt{\alpha}} \cdot e^{2/\sqrt{\alpha}} \cdot sh \frac{2}{\sqrt{\alpha}}, \quad (8)$$

мұнда  $sh x = \frac{e^x - e^{-x}}{2}$  – гиперболалық синус функциясы.

(4), (5) формулаларды және (8) қатынасты есепке ала отырып, (2) есептің шешімін табамыз:

$$u_{\alpha} x = \int_{-1}^1 G_{\alpha} x, t u_{\delta} t dt, \quad (9)$$

ал  $G_{\alpha} x, t$  Грин функциясы мынадай

$$G_{\alpha} x, t = \begin{cases} \frac{1}{\sqrt{\alpha} \cdot sh \frac{2}{\sqrt{\alpha}}} \cdot ch \frac{x-1}{\sqrt{\alpha}} \cdot ch \frac{t+1}{\sqrt{\alpha}}, & t \leq x, \\ \frac{1}{\sqrt{\alpha} \cdot sh \frac{2}{\sqrt{\alpha}}} \cdot ch \frac{t-1}{\sqrt{\alpha}} \cdot ch \frac{x+1}{\sqrt{\alpha}}, & t \geq x. \end{cases} \quad (10)$$

мұндағы  $ch x = \frac{e^x + e^{-x}}{2}$  – гиперболалық косинус функциясы.

Сонымен, Тихонов функционалын минимумдау есебі ядросы  $G_{\alpha} x, t$

Грин функциясымен берілген  $\int_{-1}^1 G_{\alpha} x, t u_{\delta} t dt$  интегралдық оператормен анықталған  $u_{\alpha} x$  функцияны қалпына келтіруге алып келінді.

Интегралдық оператордың ядросы болған  $G_{\alpha} x, t$  Грин функциясының кейбір қасиеттерін келтіріп өтеміз:

1.  $G_{\alpha} x, t$  ядро симметриялы:  $G_{\alpha} x, t = G_{\alpha} t, x$  ;

2.  $G_{\alpha} x, t$  ядро кез келген  $\alpha > 0$ ,  $x \in [-1, 1]$  үшін

$\int_{-1}^1 G_{\alpha} x, t dt = 1$  интегралдық тепе-тендікті қанағаттандырады;

3.  $\alpha$ -ның кіші мәндері үшін  $G_{\alpha} x, t$  ядроны мынадай жуықтауға болады:  $G_{\alpha} x, t \approx 2\sqrt{\alpha}$ .

$G_{\alpha}(x, t)$  Грин функциясының осы келтірілген бірінші және екінші қасиеттерінің орынды болатындығын тексеріп көру қиын емес. Біз үшінші қасиеттің орынды болатындығын көрсетеміз.

$$G_{\alpha}(x, t) = \frac{1}{\sqrt{\alpha} \cdot \operatorname{sh} \frac{2}{\sqrt{\alpha}}} \cdot \operatorname{ch} \frac{x-1}{\sqrt{\alpha}} \cdot \operatorname{ch} \frac{x+1}{\sqrt{\alpha}} = \frac{e^{x-1/\sqrt{\alpha}} + e^{1-x/\sqrt{\alpha}} \quad e^{x+1/\sqrt{\alpha}} + e^{-x+1/\sqrt{\alpha}}}{2\sqrt{\alpha} e^{2/\sqrt{\alpha}} - e^{-2/\sqrt{\alpha}}} =$$

$$= \frac{e^{2x/\sqrt{\alpha}} + e^{2/\sqrt{\alpha}} + e^{-2/\sqrt{\alpha}} + e^{-2x/\sqrt{\alpha}}}{2\sqrt{\alpha} e^{2/\sqrt{\alpha}} + e^{-2/\sqrt{\alpha}}} = \frac{\operatorname{ch} \frac{2}{\sqrt{\alpha}} + \operatorname{ch} \frac{2x}{\sqrt{\alpha}}}{2\sqrt{\alpha} \cdot \operatorname{sh} \frac{2}{\sqrt{\alpha}}} \approx \frac{1}{2\sqrt{\alpha}}, \quad \forall x: |x|, \alpha \rightarrow 0.$$

Осы келтірілген қасиет  $h$  дискреттеу қадамы мен  $\alpha$  регуляризация параметрінің қатынасын анықтайды. Бейнелерді қалпына келтіру есептерінде  $h$  дискреттеу қадамы суреттің өзінің параметрлерімен беріледі, сондықтан осы қасиет  $\alpha$  регуляризация параметрінің ең кіші мәніне шектеуді орнатады.

## 2. Сандық есептеу мысалдары

Жоғарыда қарастырылған әдіс бірөлшемді функцияларды қалпына келтіруде қолданылуы қарастырылды. Үлгілік мысалдармен есептеулер жүргізуде  $\alpha$  регуляризация параметрі алшақтық принципі бойынша тандап алынды.  $\varphi(\alpha)$  алшақтық функциясы монотон өсуші үзіліссіз функция болады, оның түрі мынадай:


$$\varphi(\alpha) = \int_{-1}^1 u_{\alpha}(x) - u_{\delta}(x) dx.$$

Дәл берілетін  $\bar{u}(x)$  функция төмендегі формула арқылы беріледі:

$$\bar{u}(x) = \frac{1}{\sqrt{2\pi}} e^{-\left(\frac{x+0.6}{2}\right)^2} + \frac{1}{\sqrt{8\pi}} e^{-\left(\frac{x-0.2}{8}\right)^2}.$$

Сандық есептеулер жүргізуде бастапқы  $\bar{u}(x)$  функцияға бірқалыпты үлестірілген кездейсоқ қателік енгізілді. (9) интегралдық формуламен берілген қалыпқа келтірілетін функцияны есептеу квадратуралық трапеция формуласы көмегімен жүзеге асырылды.  $\alpha$  регуляризация параметрін анықтау үшін кесіндіні қақ бөлу пайдаланылды.

$\bar{u}(x)$  функцияның графигі 1-суретте келтірілген.



1-сурет.  $\bar{u}$  x функцияның графигі

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гончарский А.В., Кочиков И.В., Матвиенко А.Н. Реконструктивная обработка и анализ изображений в задачах вычислительной диагностики. – М.: Изд-во МГУ, 1993.
2. Тихонов А.Н., Арсенин В.Я. Методы решения некорректных задач. – М.: Наука, 1986.
3. Лаврентьев М.М., Романов В.Г., Шишатский С.П. Некорректные задачи математической физики. – М.: Наука, 1980.
4. Иванов В.К. О линейных некорректных задачах //ДАН СССР. – Т. 145. – 1962. – С. 270-272.
5. Малла С. Вейвлеты в обработке сигналов. – М.: Мир, 2005.
6. Banham M.R., Katsaggelos A.K. Digital image restoration //IEEE Signal Processing Magazine. – vol.14, №2, 1997. – Pp. 24-41.
7. Perona P., Mlik J. Scale Space and edge detection using anisotropic diffusion //IEEE Trans. OnPAMI. №.12, 1990. – Pp. 629-639.
8. Тихонов А.Н., Гончарский А.В., Степанов В.В., Ягола А.Г. Регуляризирующие алгоритмы и априорная информация. – М.: Наука, 1983.
9. Бакушинский А.Б., Гончарский А.В. Некорректные задачи. Численные методы и приложения. – М.: Изд-во МГУ, 1989.
10. Бакушинский А.Б., Гончарский А.В. Итерационные методы решения некорректных задач. – М.: Изд-во МГУ, 1982.
11. Сабитов К.Б. Функциональные, дифференциальные и интегральные уравнения. – М.: Высшая школа, 2005.

**РЕЗЮМЕ**

В статье рассмотрена задача сглаживания одномерного сигнала методом регуляризации Тихонова. В функционале Тихонова стабилизирующий член содержит производную первого порядка неизвестной функции. Минимизация функционала Тихонова сводится к краевой задаче для уравнения Эйлера. Решение уравнения Эйлера находится явно при помощи функции Грина. Проведены численные эксперименты по сглаживанию одномерных сигналов.

**(Султанов М.А., Оспанова М.А. Восстановление одномерных сигналов методом регуляризации Тихонова)**

**SUMMARY**

In this paper we consider the problem of one-dimensional signal smoothing regularization method. In the Tikhonov functional stabilizing member comprises a first order derivative of the unknown function. The Tikhonov functional minimization reduces to a boundary value problem for the Euler equations. Solution of the Euler equation is clearly using the Green's function. Numerical experiments on the smoothing of one-dimensional signals.

**(Sultanov M.A., Ospanova M.A. Recovering dimensional signals by Tikhonov regularization)**

ӨОЖ 027.7

**Г.А.АМИРОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты

**А.С.ҚАСЫМБЕКОВ**

техника ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ  
ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ  
ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАҢДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аннотация.* Бұл мақалада ақпараттық ресурс орталықтарының бағдарламалық қамтамасыздандырылуы және оларды таңдау ерекшеліктерін кітапханалық жүйе мысалында жүзеге асыру баяндалған. Қазіргі заманауи кітапханалар жүйесі тек қана ақпарат сақтау қоймалары ғана емес, олар мемлекет пен қоғамның мәдени өркендеу дәрежесінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Сол себепті, аталмыш мақала, жұмыс тереңдігімен, тапсырмаларды сауатты шешумен және практикалық қолданысқа ие болу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

*Кілт сөздері:* ақпараттық ресурс орталықтары, автоматтандырылған жұмыс орны, кітапханалық жүйе, бағдарламалық-техникалық кешен, электронды каталог, библиографиялық ақпараттар, мәліметтер базасы, бағдарламалық қамтамасыздандыру.

*Ключевые слова:* информационно-ресурсные центры, автоматизированное рабочее место, библиотечная система, программно-технический комплекс, электронный каталог, библиографическая информация, база данных, программное обеспечение.

*Anahtar kelimeler:* Bilgi kaynağı merkezleri, otomatik iş yeri, kütüphane sistemi, program teknik kompleksi, elektronik kataloğu, bibliyografik bilgiler, veritabanı, yazılım.

*Key words:* Information Resource Center, automated workplace, library system, technical software complex, electronic catalog, bibliographic information, database, software.

Бүгінгі қоғамның заманауи ғылыми техникалық прогрестерінің негізгі бағыттарының бірі болған – өндірістік, ғылым мен білім кәсіпорындарынан басқа да әр түрлі салалардағы технологиялық процестерді автоматтандыру

жұмыстарын кешенді жүргізу, бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі және бірегейі саналады.

Солардың қатарында, заманауи кітапханалық жүйелердің негізінде құрылған ақпараттық ресурс орталықтары (АРО) жұмыстарын автоматтандыру мәселесі тәжірибесінде елеулі орын алып, көптеген мамандар мен оқырмандардың қызығушылығын туғызып отыр [1].

Қазіргі заманауи кітапханалар жүйесі тек қана ақпарат сақтау қоймалары ғана емес, олар мемлекет пен қоғамның мәдени өркендеу дәрежесінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Себебі кітапхана адамзат білімінің деректер көзі ғана емес, сонымен қатар ол ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс үдерісі элементтерінің бірі болып саналады. Мамандардың айтуынша, ақпараттық ресурс орталықтары жұмыстарын «кітапхана жүйелері негізінде автоматты ақпараттандыру ісі мемлекет пен қоғамымыздың ақпараттандыру саласындағы кезек күттірмейтін келелі мәселелерінің біріне айналып отыр».

Автоматтандырылған басқару жүйесінің негізгі құрылу принциптері мен функцияларының кітапханалық-библиографиялық кәсіптегі автоматтандыру әдістері мен құрал-жабдықтарын пайдалану – кітапхана ісінің негізгі және маңызды факторы болған кітапханалық жаңа ақпараттық технологияларды енгізу саналады [2].

Сондықтан, кітапхана жүйелерін заманауи ақпараттық технологиялар негізінде автоматтандыру процесі, бұл мекемедегі қалыптасқан технологиялық үдерістердің жетілдірілуіне көмектеседі. Осыған орай, кітапханалық жұмыстарды автоматтандырудағы өңдеу үдерісінің принциптері мен тиімді функциялау үдерісі мемлекет пен қоғамның арақатынасына тәуелді маңызды мақсаттардың бірі. Кітапхана жүйесін автоматтандыруды жобалау және эксплуатациялау тәжірибелерінің үнемі жүргізілуіне қарамастан, біздерде әдейі осы түрдегі ақпараттық жүйелерді әзірлейтін, арнайы дайындалған мамандар жетіспейді. Бұл мақсаттың негізгі аспектілерінің бірі болып технологиялық және бағдарламалық-ақпараттық қамтамасыздандыруларды біріктіріп өңдеу және қолдану саналады.

Автоматтандырылған АРО (ААРО) негізгі құрамдас бөліктері ретінде, аса маңыздыларының бірі болып бағдарламалық қамтамасыздандыру саналады.

Кез келген пәндік саладағы компьютерлік бағдарламаларды жасау кезінде ғылым мен технологиялар саласындағы бағдарламалау біліктілігі ғана емес, сонымен бірге пәндік саланың өзінде де кәсіпқойлықтың жоғары деңгейі қажет. Сонымен бірге, автоматтандырылған ақпараттық ресурс орталықтары бағдарламалық қамтамаларын жасау үдерісінің күрделілігін бағамдап, тиісті дәрежеде бағаламалау, бүгінгі күндегі олқылықтардың бірі болып табылады. Көптеген ұйымдар (университет кітапханалары, ғылыми зерттеу және т.б. коммерциялық ұйымдар) өздерінің жеке ААРО-ын өздері жасайды. Соған орай, бәрінен бұрын, олар мынадай түрдегі қателіктерге жол

береді: ААРО жасаудың тәжірибесі мен оның жағдайын алдын-ала зергтемей, қаражаттық есептеулер шығарылады; жүйенің мәліметтер базасы құрылымдарын жасау кезінде библиографиялық ақпараттарды ұсынудың халықаралық форматтарына сүйенбейді; ААРО білікті кітапханашылардың белсенділікпен тартылуынсыз және кітапхана жүйесінің өзінің жұмысына қатысуынан тыс жасалады.

Тәжірибе көрсеткендей, кітапханалық іс, библиографиялық ақпараттарды ұсынудың заманауи форматтарынсыз, кітапхана жүйесін басқару жүйелерінсіз өмір сүруге қабілетті автоматтандырылған ақпараттық ресурс орталықтарын жасау мүмкін емес.

Егер, автоматтандырылған ақпараттық ресурс орталықтарын күрделі бағдарламалық-техникалық кешен ретінде қарастырсақ, онда, әдетте, оны модульдер жиынтығы және автоматтандырылған жұмысшы орыны (АЖО) түрінде көрсету мүмкін. Әлбетте, неғұрлым маңызды АЖО мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыздандыру болып табылады, өйткені, олардағы техникалық қамтамасыздандыру, ережедегідей, стандартты болып табылады және кез келген басқа автоматтандырылған жүйелерде пайдаланылады.

Автоматтандырылған ақпараттық ресурс орталықтарындағы АЖО-ның стандартты құрамдастары: «Әкімгер»; «Каталогтаушы»; «Комплектілеуші»; «Абонемент» және (немесе) «Оқырман»; «Кітап беруші» жүйешелері болып табылады. Сонымен қатар, автоматтандырылған АРО құрамына басқа да АЖО-ды кіріктіре алады.

«Әкімгер» АЖО – бұл маманның бағдарламалық-техникалық кешені, оның басты функциясы жалпы жүйелік міндеттерді (диспетчерлеу, жекелеген АЖО-ның келісілген жұмыстары, сыртқы желілермен және жүйелермен байланыс, өзекті жағдайдағы жалпы мәліметтер базасын мазмұндау және т.с.с.) орындау болып табылады. Негізінен, мұндай АЖО мен ААРО-де жалпы да, арнайы да бағдарламалық қамтамасыздандыруды жақсы білетін маман жұмыс істейді.

«Каталогтаушы» АЖО – бұл электронды каталогты қалыптастыруға, кітапханалық ақпараттарды ұсынатын халықаралық форматтарға сәйкес мәліметтерді ендіруге, мәліметтер базасын түзетуге және толықтыруға байланысты маманның бағдарламалық-техникалық кешені. Әдетте, автоматтандырылған кітапханада «Каталогтаушы» АЖО-ның бірнешеуі біртұтас дербес желіге біріктірілген, онда каталогты (каталогшыларды) қалыптастыруға мамандандырылған кітапханашылар отырады.

«Комплектілеуші» АЖО – бұл кітапханалық қорды комплектілеумен айналысатын маманның бағдарламалық-техникалық кешені.

«Абонемент» АЖО және (немесе) «Оқырман» АЖО – бұл оқырмандарға және кітапхана қызметкерлеріне қызмет көрсету үшін арналған, олардың электронды каталогтағы қажетті ақпараттарды автоматтандырылған іздестірулерді жүргізуіне мүмкіндік беретін бағдарламалық-техникалық ке-

шен. Әдетте, іздестіру БО-ның (авторы, тақырыбы, шыққан мерзімі және т.б.) негізгі элементтері, әр түрлі шектеулердегі түйінді сөздері және т.б. бойынша жүргізіледі. Маңызды нақтылайтын сауалдарды шығаруға, демек, қажетті ақпараттарды жылдам әрі нәтижелі табуға мүмкіндік жасайтын «ЖӘНЕ», «НЕМЕСЕ» қисынды операцияларын пайдалануға болады.

«*Кітап беруші*» АЖО – бұл әдебиеттер беру жөніндегі тапсырыстар мен функцияларға сәйкес кітапхана оқырмандарына әдебиеттерді беру қызметін орындайтын маманның бағдарламалық-техникалық кешені.

Кейбір ААРО мерзімді басылымдар қорын жинақтауды (комплектілеуді) және олардың дер кезінде келіп түсуін бақылауды жүзеге асыруға арналған «*Мерзімді баспасөз*» АЖО-сын кіріктіреді.

ААРО бағдарламалық қамтамасыздандырылуы бірінші кезекте келесі функцияларды жүзеге асыруы тиіс: библиографиялық және фактографиялық ақпараттарды өңдеу, сақтау, оларды жазбалардың және олардың үйлесімділігінің кез келген элементтері бойынша іздестіру; иерархиялық жіктеулерді және тезаурустарды қолдау, тақырыптық іздестіру кезінде оларда тіркелген іздестіру белгілері арасындағы мағыналық қарым-қатынастарды пайдалану, тізімдер түріндегі материалдарды, библиографиялық және фактографиялық, қандай да бір жіктеулер мен алфавиттер индекстері бойынша сортталған жазбаларды іріктеу; басылымның даналық (саны) қамтылуы туралы мәліметтерді шығару, оқырмандардың талаптарын автоматты түрде қалыптастыруда тікелей ЭК-пен жұмыс істеу кезінде сақтау бірліктері арқылы оқырмандар тапсырыстарын жүзеге асыру; сақтау бірлігін беруді және қайтаруды олардың тұрған жері және алынғаны туралы өзгертілген мәліметтерімен, сондай-ақ оқырман формулярындағы мәліметтер туралы бір мезгілде қатар жазу (тіркеу); жеке авторлар мен ұжымдар туралы нормативті жазбаларды іздестіру кезінде пайдалануды қолдау; қолданушыға қиындықтар тудыратын жағдайлар үшін анықтамалық мәліметтердің болуы; тапсырыс берілген құжаттар туралы жазбаларды ендіру және олардың кітапханаға түсуін есепке алу; іздестіру нәтижелерін қабылданған формасында экранға және принтерден шығарып беру; мәтіндік файлдарға мәліметтерді салу (жүктеу) және мәтіндік файлдардағы мәліметтер базасынан жазбаларды алу (түсіру); рұқсат етілмеген қол жетімділіктен мәліметтер базасын қорғау; апатты оқиғалар жағдайларында мәліметтер базасын қалпына келтіру.

ААРО-да келесі түрдегі: кестелік, мәтіндік, әмбебап және арнайы автоматтандырылған жүйелерді басқаруды жасауға бағдарлануы тиіс басқа да арнайы бағдарламалар пайдаланылады. Яғни, кітапханалардағы қолданылған бағдарламалық-техникалық кешендер, тек қана жеке кітапханалық процестерді автоматтандыруға ғана емес, сонымен қатар әкімшілік-басқарушылық, мәдени-оралымдық және басқа да кітапханаға байланысты қызметтерге бағдарлануы тиіс. Себебі, Автоматтандырылған ақпараттық ре-



сурс орталықтары, сонымен бірге, автоматтандырылған ақпараттық жүйелер секілді «адам-машина» жүйесі болып табылады.

Автоматтандырылған орталықтарға тән келесі жалпы ерекшеліктерді бөліп қарастыруға болады [3]: ААРО эмбебап немесе интегралды болып табылады және библиографиялық ақпараттар талаптарына сәйкестіктегі кітапхана қолданушыларына ақпараттарды ұсынуды қамтамасыз етеді; отандық та, шетелдік те қолданушылар үшін әр түрлі автоматтандырылған ақпараттық ресурс орталықтарымен форматтық сәйкестікті қамтамасыз етеді; құжаттар мен абоненттерді есепке алу үшін штрихтық кодтау және т.б. технологияларды пайдаланады; мультимедиа-құжаттармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді; кітапханалардың корпоративтік жұмыстарын қолдауға қабілеттілікті иеленеді.

Қолданыстағы жүйелердің қатарында: Санкт-Петербург мемлекеттік техникалық университеті (СПГТУ) «РУСЛАН» АИБС (<http://www.ruslan.ru/>), МАРК-SQL» АИБС (<http://www.informsystema.ru/>), ЗАО «Компания Либэр», «Liber-media» АИБС және «ABSOTHEQUE Unicode» (<http://www.libermedia.ru/>), «OPAC Global» (<http://www.ditm.ru/>) және т.б. жүйелер бар.

Лингвистикалық қамтамасыздандыру және «Мерзімді басылымдарға жазылу» процестерінің автоматтандырылуындағы көшбасшы «ИРБИС» жүйесі саналады [3]. Мәселен, комплектілеу, каталогтау, абонементке қызмет көрсету және мерзімді басылымдармен жұмыс үдерісінде бірінші орынға «Руслан» жүйесі, ал қолданыстағы іздестіруде, анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсетуде және салыстырып тексеру қорында – «РФ Президентінің Әкімшілік Кітапханасы» шығып отыр.

Біздің елімізде кітапханалардағы автоматтандырылған жүйенің алғашқы әзірлеушілері мен ендірушілері ретінде информатика саласының мамандары шұғылданғанын байқауға болады. Сонымен бірге, автоматтандырылған ақпараттық ресурс орталықтарын жобалай отырып, әзірлеушілер оларға басқа объектілерді (кәсіпорын, мекемелер және т.б.) автоматтандыруға арналған тәсілді көшіруге талпынды. Олардың пікірінше, бұл процестер ақпараттарды ұсынудың стандарттандырылған жоғары деңгейімен сипатталуы, кітапханалардың әр түрлі бөлімшелеріндегі біртіндеп көшірілетін екінші нұсқасының шартты-тұрақты ақпараттарының айтарлықтай көлемі болуы себебінен кітапханалық технологиялық процестерді автоматтандыру ерекше еңбекті көрсетпейді.

Алайда, жобаларды жүзеге асыру іс-шаралары бойынша олардың кітапханаларды автоматтандыруға арналған оңайлатылған тәсілдерінен бас тартуына және автоматтандырудың барынша күрделі объектілерін көрсететін кітапханалық өндірістік процестердің қарым-қатынастарының барлық нәзік тұстарын ұғынуына тура келді. Сондықтан да болар оларда бір-бірімен өзара әрекет етуші параметрлердің көп саны пайдаланылады.

Сонымен бірге, бастапқыда аналитикалық қызметті немесе үлкен қаржылай шығындарды қажет етпеген процестер ғана автоматтандырылды. Мысалы, комплектілеу үшін құжаттарды іздестіру және іріктеу. Сонымен қатар, мысалы, абоненттің талаптары бойынша қордан кафедраға роботталған іріктеуді беру және құжаттарды жеткізу автоматтандырылмаған.

Автоматтандырудың бастапқы сатысында қарастырылмаған кейбір кітапханалық технологиялық процестерді әзірлеушілердің қайта қалыптастыруына тура келеді (мысалы, авторлық белгіні және сақтау шифрін автоматтандырылған түрде анықтау).

ААРО-ды әзірлеу үдерісі көп жағдайларда автоматтандырылған басқару жүйелері (АСУ, АСУТП) мен басқа да автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді (АИС) әзірлемелеудің стандартты ережелерімен ұқсас. Сондықтан да оларды әзірлеу үшін көбінесе Oracle, Informix және Sybase, MS SQL Server, InterBase, MySQL және т.б. заманауи мәліметтер қорын басқару жүйелерінен (СУБД) пайдаланылады.

Мәселен, реляциялық мәліметтер қорын басқару жүйелері (PCУБД) MySQL ашық кодпенен еркін таратылған жүйе болып табылады. Ол басқа да көптеген жүйелер секілді, SQL (Structured Query Language – құрылымданған сауалдардың тілі) деп аталатын жүйемен өзара әрекеттеседі.

MySQL бойынша көп ағымды SQL-серверді ұстап тұратын, мәліметтер базасының әр түрлі есептеу машиналарын, сондай-ақ бірнеше әр түрлі клиенттік бағдарламалар мен кітапханаларды, басқару құрал-жабдықтарын және бағдарламалық интерфейстердің (API - «application programming interface») - қосымшасы операциялық жүйелер және басқа да сервистерге қолжетімділікті алатын қолданбалы бағдарламалардың интерфейсі) кең спектрін қолдауды қамтамасыз ететін клиент-сервер жүйесі болып табылады.

Ақпараттық ресурс орталықтарын автоматтандыру үдерісі, келесі жалпы жүйелік талаптар және ережелер жиынтығымен ерекшеленеді [4]:

«Технологиялық процестерді типтендіру және бірегейлендіру; ақпараттар мен формалардың кіру және шығу түрлерін және құрылымдарын максималды бірегейлендіру; бастапқы ақпараттардың кіруінің бірреттілігі және оны пайдаланудың көпмақсаттылығы; әзірлемені енгізуді, іздестіруді сақтауды және ақпараттарды беруді қамтамасыз ету үшін заманауи бағдарламалық және аппаратуралық құрал-жабдықтарды пайдалану; аппаратуралық және бағдарламалық құрал-жабдықтарды агрегативтік модульді өсіру жолымен жүйелерді дамытуды қамтамасыз ету; жүйелерді әзірлеу үшін, әдеттегідей, типтік аппаратуралық қамтамасыздандыруды және белгілі бағдарламалық құрал-жабдықтарды пайдалану; басқа ААРО-мен, кітапханалық интеграциялар және кооперациялар жүйелерімен сәйкестікте қамтамасыз ету».

Осылайша, нақты ААРО үшін бағдарламалық қамтамалардың қажеттісін таңдап, талдау жасау негізінде шешім қабылдау мақсатты болып табылады. Бұл жағдайда, кітапханалардың әр түрлі типтеріндегі ААРО әзірлеу және

оларды өндіріске ендіру барысындағы жинақталған тәжірибелі кәсіби мамандардың мақсатты түрде бағдарланған келесі ұсыныстарының ерекшеліктерін ескерген дұрыс.

Мәселен, олар қатарында [4]: «жүйелерді тағайындау, автоматтандыру объектілерінің типтері; пайдаланудың басталуы; ендіру саны; версияларды жанарту кезеңі; сондай-ақ, автоматтандырылатын процестер мен функциялар: комплектілеу; электронды каталогта іздестіру; өңдеу (тіркеу, техникалық өңдеу, каталогтау және индексстеу, аналитикалық-синтетикалық өңдеу); оқырмандарды жазу және тіркеу; есепке алу, бақылау және құжаттарды жеткізу; циркуляция; сөздіктерді қолдау; бағдарламалық-конверторлардың саны; штрихтық кодтау жүйелерін пайдалану және т.б.; телеқолжетімділік тәртібін қамтамасыз ету; статистиканы басқару және автоматтандырылған түрінде алу» сияқты ұсыныстар бар.

Сонымен қатар, Ресейлік өнімдерді таңдау кезінде келесі ерекшеліктерді: «автоматтандыру жүйелерін қамтамасыздандыруға міндетті төмендегі сәттерді ескерген жөн: жазбаларды дамыту және оның санын тұрақты ұлғайту арқылы мәліметтер базасын қолдау; кириллицаны бірнеше кодталуын және автоматты түрде қайта кодтауды қолдау; толық мәтіндерімен және графикалық бейнелерімен жұмыстарды қамтамасыз ету; әзірleme құрал-жабдықтарының болуы және жеке өз Web-серверлерін қолдау; лингвистикалық және сөздік-тезаурустық жүйелерді жасау және қолдау құрал-жабдықтарының бар болуы; құжаттамалар мен нұсқаулардың комплектісінің болуы; тұрақты негізде оқытуды қамтамасыз ету; тұрақты жанарту, қолайлы жағдайларда жаңа версияларды жеткізу және техникалық жағынан алып жүру; кеңестер беру және анықтамалар үшін «ыстық» желілердің болуы» сияқты нұсқауларды назарға алу керек.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. *Рахматуллаев М.А.* Информационное обеспечение университетов в корпоративной библиотечной сети. /P“SOCIETY, INTEGRATION, EDUCATION”. ROCEEDING of the International Scientific Conference. Volume II. May 23-24, 2014. Rezekne. Latvia. ISSN 1691-5887. – 333-342 p.
2. *Касымбеков А.С.* Система обеспечения учебных заведений научно-образовательной информацией. /Республиканская научно-практическая конференция «Вопросы внедрения инновационных технологий в процесс повышения квалификации и переподготовки педагогических кадров». – Ташкент, 2014. 17-19 апрель. 123-127-стр.
3. *Архипов Д.А.* Библиотечно-функциональный анализ отечественных автоматизированных библиотечно-информационных систем.: диссер ... кандидата педагогических наук: 05.25. – Москва, 2008. – 248 с.
4. *Земсков А.И., Шрайберг Я.Л.* Электронные библиотеки: Учебник для студентов вузов культуры и искусств и др. высших учебных заведений /А.И.Земсков, Я.Л.Шрайберг. – М.: Либерия, 2005. – 352 с.

**РЕЗЮМЕ**

В данной статье рассмотрены программное обеспечение информационно-ресурсных центров и особенности их выбора. Проанализированы характерные особенности программных обеспечений и выявлена необходимость создания автоматизированного информационно-ресурсного центра для различных видов библиотечных систем.

**(Амирова Г.А., Қасымбеков А.С. Программное обеспечение информационно-ресурсных центров и особенности их выбора)**

**SUMMARY**

In this article the software of the information resource centers and feature of their choice are considered. Characteristic features of software have been analysed, also need of creation of the automated information resource centers for different types of library systems has been identified.

**(Amirova G.A., Kassimbekov A.S. Software of information resource centers and feature of their choice)**

ӨОЖ 519.63

**М.А.СҰЛТАНОВ**

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

**А.А.АБИБУЛЛАЕВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты

**ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК ТЕҢДЕУІ ҮШІН БАСТАПҚЫ ШАРТТЫ  
АНЫҚТАУДЫҢ КЕРІ ЕСЕБІН ИТЕРАЦИЯЛЫҚ ӘДІСПЕН ШЕШУ**

***Аннотация.** Мақалада жылуөткізгіштік теңдеуіне қойылған бастапқы температураның үлестірімін тіктеу кері есебін итерациялық әдіспен жуықтап шешу мәселесі қарастырылған. Шекаралық шарттар және уақыттың соңғы моментінде берілген температураның үлестірімі кері есеп үшін берілгендер болып табылады. Екі өлшемді жылуөткізгіштік теңдеуі үшін осы кері есепті жуықтап шешу алгоритмі бастапқы есепті дифференциалдық-операторлық теңдеу түріне келтіру жолымен оны екі қабатты зілдемелі айырымдық схемамен жуықтау арқылы жүзеге асырылған. Құрылған алгоритмнің дұрыстығын тексеру барысында бірөлшемді жылуөткізгіштік теңдеуі үшін кері есеп мысалында есептеу тәжірибелері жүргізілген.*

***Кілт сөздері:** жылуөткізгіштік теңдеуі, тура есеп, кері есеп, алгоритм, оператор, айырымдық схема, итерация параметрі.*

***Ключевые слова:** уравнение теплопроводности, прямая задача, обратная задача, алгоритм, оператор, разностная схема, параметр итерации.*

***Anahtar Kelimeler:** ısı denklemi, doğrudan sorun, ters problem, algoritma, operatör fark şeması, parametre yineleme.*

***Key words:** heat equation, the direct problem, inverse problem, algorithm, operator, difference scheme, the parameter iteration.*

**Кіріспе.** Жылуөткізгіштіктің кері есептерін қою мен оларды шешу қажеттіліктері жылу процесі жүретін түрлі физикалық құбылыстарды зерттеуде, техникалық объектілерді құру және эксплуатациялауда, сондай-ақ материалдарды қыздыру мен суытуға қатысты технологиялық процестердің жылу режимдерін тиімділеу есептерінде пайда болады. Жылуөткізгіштіктің кері есептері дене бетіндегі жылу балансы теңдеуіндегі функциялар мен параметрлерді тәжірибелік есептеу арқылы анықтау әдістемесін құруға мүмкіндік береді. Олар салыстырмалы тәжірибелер жүргізуге негізделген. Жылуөткізгіштіктің кері есептерін сандық шешу арқылы техникалық жүйе-

лердегі жылуалмасудың математикалық модельдерін идентификациялау және нақтылау жүзеге асырылады. Қатты денелердегі температуралар өрістерін және жылу ағындарының өрісін ішкі температуралық өлшемдер бойынша тіктеу есебі көпшілік жағдайларда жылуөткізгіштіктің кері есебін шешуге келтіріледі. Сондықтан жылудың алмасу мен тарқалу процестерін сипаттайтын жылуөткізгіштік теңдеуіне қойылатын кері есептерді санды шешу мәселесінің теориялық және практикалық маңызы зор.

Жылуалмасу процестеріне қойылатын көптеген есептер ішінен кері уақытты жылуөткізгіштік теңдеуіне қойылатын кері есепті атап өтуге болады. Мұндай есеп ретроспективті кері есеп деп айтылып, онда дененің бастапқы температурасын соңғы уақыт моментінде өлшенген температурасы бойынша анықтау қажет болады. Осындай кері есептерді жуықтап шешу үшін қисынсыз есептерді шешудің көптеген әдістері қолданылады. Осы әдістердің ішінен негізгілерінің бірі – квазишешім әдісі [6, 47-59 б.] болып, онда бастапқы теңдеуді қобалжыту арқылы коррект болған есеп шешіледі, оның шешімі қисынсыз есептің жуық шешімі ретінде алынады. Екінші класс әдістері бастапқы шарттарды қобалжытумен байланысты [4,8, 271-273 б.].

Қазіргі уақытта қисынсыз және кері есептерді жуықтап шешуде итерациялық әдістер кең қолданыс тапты [3, 122-130 б., 5, 59-70 б.]. Бұл әдістерде регуляризация параметрі ретінде итерация саны болады, ол бастапқы берілгендер қателіктерімен үйлесімді болуы қажет етіледі. Сондай-ақ, кері және қисынсыз есептерді шешуде вариациялық қойылымдағы кері есептер үшін градиенттік итерациялық әдістер кеңінен қолданылып келеді [1, 126-128 б.].

### **Жылуөткізгіштік теңдеуіне қойылған кері есеп**

Минимум көрсеткіштерді фосфор бойынша Төлеби ауданы (Майбұлақ, Қаратөбе елді-мекендері) өрнекті қара шұбар жылан сынамасы көрсетіп тұр – 17922 мг/кг, мыс бойынша – 8,4 мг/кг (Төлеби ауданы), мырыш бойынша – 153 мг/кг (Сайрам ауданы), қорғасын бойынша барлық сынамаларда 0,25 мг/кг (Сурет 4).



Сурет 4. Өрнекті қара шұбар жылан биосубстраты бойынша ластаушы элементтердің аудандар бойынша гистограммасы

Түрлі түсті қара шұбар жылан биогеохимиялық зерттеу нәтижесі бойынша максимум көрсеткіштерді Шымкент қаласынан алынған сынамалар көрсетті: фосфор – 36995 мг/кг, мыс бойынша – 18,7 мг/кг, мырыш бойынша – 374 мг/кг және қорғасын көрсеткіші – 0,25 мг/кг.

Минимум көрсеткіштерді барлық сынамалар бойынша Түлкібас ауданы, Машат шатқалынан алынған сынамалар көрсетті; фосфор – 17130 мг/кг, мыс – 3,8 мг/кг, мырыш – 168 мг/кг, қорғасын бойынша барлық сынамаларда 0,25 мг/кг көрсетті (Сурет 5).




Сурет 5. Түрлі-түсті қара шұбар жылан бойынша ластаушы элементтердің аудандар бойынша гистограммасы

Дала тасбақасына биогеохимиялық зерттеу нәтижесі бойынша максимум көрсеткіштерді Шымкент қаласынан алынған сынамалар көрсетті:



фосфор – 24218,5 мг/кг, мыс бойынша – 15,7 мг/кг, мырыш бойынша – 197мг/кг және қорғасын көрсеткіші – 0,25 мг/кг.

Минимум көрсеткіштерді фосфор бойынша Шардара ауданы, мыс бойынша 7 мг/кг (Түлкібас ауданы), мырыш бойынша 98,3 мн/кг Шардара ауданы, қорғасын бойынша барлық сынамаларда 0,25 мг/кг көрсетті (Сурет 6).



Сурет 6. Дала тасбақасы бойынша ластаушы элементтердің аудандар бойынша гистограммасы

Жалпы, қорыта айтқанда, бауырымен жорғалаушылар – табиғаттың бір бөлшегі. Оларға биосфераның түрлі факторлармен ластануы толық әсер етеді. Сондықтан олар қоршаған орта ластануының биоиндикаторы ретінде маңызы зор. Сонымен қатар, рептилийлердің геохимиялық экологиясын антропогенді ландшафтқа зерттеу нәтижелері осы жануарларды тиімді пайдалануды күшейту және қорғау бойынша негіз болып табылады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ботабаева М., Тулеуханов С. Ауыр металдарға жануарлар ағзасының әсері //Ізденіс. – А., 2009.
2. Ермаков В.В. Биогеохимические районирование континентов // Биогеохимические основы экологического нормирования. – М.: Наука, 1993. – с.5-24.
3. Эколого-токсикологические исследования в зоне влияния Алматинского промышленного комплекса // Проблемы охраны и устойчивого использования биоразнообразия животного мира Казахстана. – А., 1999. – С.18.
4. Bowen Н.Ж.М. Environmental Chemistry of the Elements, Akademic, Press, New York, 1979.
5. Саит Ю.Е., Ревич Б.А., Янин Е.П. Геохимия окружающей среды. – М.: Недра, 1990.
6. Пендиас К., Пендиас Х. Микроэлементы в почвах и растениях. – М., Мир, 1989.

**РЕЗЮМЕ**

В статье проведены биогеохимические исследования на фоновых видах рептилий. Проведен аналитический анализ проб биосубстратов рептилий на тяжелые металлы: свинец, цинк, медь и фосфор.

**(Сартаева Х.М., Шырынханова О.М., Орманова А.Д. Биогеохимическая экология некоторых видов рептилий Южного Казахстана)**

**SUMMARY**

The paper conducted research on biogeochemical background species of reptiles. An analytical sample analysis biosubstrates reptiles for heavy metals: lead, zinc, copper and phosphorus.

**(Sartayeva H.M., Shirinhanova O.M., Ormanova A.D. Biogeochemical ecology of some species of reptiles of South Kazakhstan)**

ӨОЖ 574. 526. 404

**А.К.ИБРАЕВА**

Қ. А. Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты

**АУЫР МЕТАЛДАРМЕН ЛАСТАНҒАН ТОПЫРАҚТЫ  
ФИТОРЕМЕДИАЦИЯЛАУ**

***Аннотация.** Қоршаған ортаның қазіргі ахуалы – бүкіл адамзатты алаңдатып отырған ауқымды мәселе екендігі белгілі. Соның ішінде топырақ жамылғысы қоршаған орта компоненттерінің бірі ретінде баса назарда. Топырақтың ластануы топырақ түзілу үдерісінің барысын өзгертеді (кейде оны тежейді), түсімді бірден азайтады, өсімдіктерде ластағыштардың қорлануына себепші болды. Бұл өз кезегінде адам ағзасына тікелей не жанама түрде әсер етеді. Осы мақалада ауыр металдар және өндіріс қалдықтарымен ластанған топырақтарды қалпына келтіру сияқты өзекті мәселені шешу жолдарының бірі ретінде фиторемедиация қарастырылады.*

***Кілт сөздері:** мелиорация, рекультивация, органикалық поллютанттар, топырақ, ауыр металдар, радиоактивті изотоп, қоршаған орта.*

***Ключевые слова:** мелиорация, рекультивация, органические поллютанты, почва, тяжелые металлы, радиоактивный изотоп, окружающая среда.*

***Anahtar kelimeler:** ıslahı, iyileřtirme, organik kirleticiler, toprak, ağır metaller, radyoaktif izotop, çevre.*

***Key words:** reclamation, remediation, organic pollutants, soil, heavy metals, radioaktives isotop, environment.*

Топырақтың ауыр металдармен ластану салдарын жою үшін алдын алу шараларын жүргізудің маңызы зор. Ондай шараларға топырақты химиялық, физикалық-химиялық және биологиялық жолмен мелиорациялау жатады.

Химиялық мелиорациялау ерігіштігі төмен, сондықтан өсімдіктермен сіңірілуі қиын ластаушы заттар түрлерінің түзілуіне негізделген. Физикалық-химиялық рекультивация, топыраққа құрамындағы немесе оған енгізілген адсорбенттердің ауыр металдарды сіңіруі арқылы өсімдіктер өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Биологиялық мелиорация топыраққа органикалық және биотыңайтқыштарды енгізумен байланысты. Олар өсімдіктердің тамырлар жүйесінің жасушалық мембраналарынан өтпейтіндіктен сіңіріле алмаған уытты заттар күрделі кешенді қосылыстарға айналдырылады.

Химия өнеркәсібі шығарған зиянды қалдықтардың, улы органикалық заттардың қоршаған ортаға тарамауы үшін біраз уақыттан бері әр түрлі мик-

роағзалар табысты қолданылып келеді. Дегенмен де, олар топырақ пен суда кездесетін мышьяк, кадмий, мыс, сынап, селен, қорғасын, сондай-ақ, стронций, цезий, уранның радиоактивті изотоптарын және басқа да радионуклидтерде кездесетін денсаулыққа зиянды ауыр металдарды жоюға қабілетті емес.

80-жылдардың басында экологтар қоршаған ортаны ауыр металдардан, органикалық және органикалық емес ластағыштардан тазалау үшін өсімдіктерді қолдану қажеттігін ұсынды. Қоршаған ортаны тазалауға арналған бұл әдіс фиторемедиация – гректің «фитон» (өсімдік) және латынның «ремедиум» (қалпына келтіру) деген сөздерінен шыққан. Бұл өсімдіктердің көптеген түрлерінің поллютанттарды жинақтауға қабілеттілігіне негізделді, өсімдік құрамындағы олардың мөлшері қоршаған ортадағы мөлшерден ондаған, тіпті жүздеген мөлшерде артық болады. Соңғы жылдары әлемнің экономикасы дамыған және дамып келе жатқан елдерінде антропогендік жолмен бүлінген топырақ ортасын өсімдіктер көмегімен биологиялық тазарту жиі қолданылып жүр, өсімдіктер тек фиторемедиация үдерістеріне белсене қатысып қана қоймай, сондай-ақ табиғи жағдайлардың қайта қалпына келу тиімділігін арттыра отырып, топырақтың микрофлорасына жағымды әсер етеді.

Қазіргі уақытта фиторемедиацияның – «жасыл технологияның» – бірнеше саласы қоршаған ортаны тазалауда белсенді түрде жасалуда:

- Фитоэкстракция – жер бетіндегі ағзалардан металдарды жинақтауға қабілетті өсімдіктің арнайы сорттарынан алынған табиғи өсімдік – аккумуляторларды қолдану, ластағыш элементтерді жер бетіндегі өсімдіктің бір бөлігіне топырақты арнайы өңдеу арқылы көшіріп, одан кейін пайдаға асыру;

- Фитодеградация – органикалық ластағыштарды ыдырату үшін өсімдіктердің ферменттерін қолдану;

- Фитофльтрация – ластағыштарды, соның ішінде су ерігінділеріндегі ауыр металдарды жұту үшін ежелгі өсімдіктер тамырын (ризофльтрация) және өсімшелерін (бластофльтрация) пайдалану;

- Фитостабилизация – химиялық қосылыстардың белсенділігін және жылжымалылығын төмен түріне аудару [1];

Қоршаған ортадағы органикалық поллютанттар, ең алдымен, антропогенді текті заттар тәрізді ұсынылады, сондай-ақ, көптеген организмдер үшін бөгде текті (ксенобиотиктер) болып табылады; олардың бірқатары улы болса, кейбіреулері – канцерогенді. Органикалық поллютанттар олардың қасиеттеріне байланысты, өсімдік тамырында бұзылуы мүмкін, не окшаулануға және булануға ұшырауы мүмкін. Фиторемедиация органикалық поллютанттардан тазартуда органикалық ерігінділер сияқты (мысалы, жер асты суларының ішінде кең тараған поллютант-трихлорэтилен), гербицидтер (атразин), жарылғыш заттар (тринитротолуол – ТНТ), көмірсутектер (мұнай, бензин, бензол, толуол, по-

лицикді хош иісті көмірсутектері), полихлорбифенилдер (ПХБ)) табысты қолданылады.

Органикалық емес поллютанттар жер қабатында немесе атмосферада табиғи құраушылар тәрізді кездеседі, ал адамның іс-әрекеті олардың босатылуына, қоршаған ортаға таралуына, сөйтіп ластануына ықпал етеді. Органикалық емес поллютанттардың азбауы да мүмкін, алайда, фиторемедиация қоршаған ортаның тазалануында өсімдік тінінде поллютанттардың қалыпты болуына немесе оқшаулануына әкеледі. Фиторемедиация өсімдік макроэлементтерін (нитраттар, фосфаттар), микроэлементтерді (Cr, Cu, Fe, Mn, Mo, Zn сияқты), өсімдіктер үшін ықпалы аз элементтерді (Cd, Co, F, Hg, Se, Pb, V, W) және радиоактивті изотоптарды (U238, Cs137 и Sr90) қолдана отырып, органикалық емес поллютанттар қатарынан тазалау үшін табысты қолданылуы мүмкін [2].

Фиторемедиация ауыр металдардан кепкендегі салмағы қарапайым өсімдіктерге қарағанда он есе үлкен болатын, өз жапырақтарында 5% никель, мырыш немесе мыс жинайтын өсімдік – гипераккумуляторлар табылғаннан кейін ғана қоршаған ортаны тазартудың тиімді және экономикалық тұрғыдан қарағанда ыңғайлы әдісі болып табылды. «Гипераккумулятор» термині кәдімгі өсімдіктермен салыстырғанда ауыр металдарды 10-100 есеге дейін көп аккумуляциялайтын өсімдіктердің түрлеріне қатысты пайдаланылады [3]. Бұл құбылыстың биологиялық маңызы әлі де толық анықталмаған: мысалы, улы элементтердің көп болуы өсімдікті зиянкестерден қорғауы және әр түрлі ауруға шалдықпайтындай төзімді етуі мүмкін. Жабайы гипераккумуляторлардың көпшілігі айқас түсті топтарға (қырыққабат немесе қыша өсімдіктері тектес) жатады; үнділік деп аталатын қышаның бір түрінің қорғасын, мыс және никельді тиімді жинақтайтыны байқалды. Қорғасынды жүгері мен белгілі арамшөп – амрозия жинақтауға қабілетті. Өсімдік көптеген ауыр металдарды, мысалы – жоғарыда тоқталған қорғасынды – ол топырақта көп мөлшерде болса да, сондай-ақ, аз еритін қоспалар түрінде кездесе де өте баяу сіңіреді. Сондықтан, қорғасынның өсімдіктегі концентрациясы 50 мг/кг-нан аспайды, тіпті генетикалық орналасуында ауыр металдарды жұтуға қабілетті үнділік қышаның өзі концентрацияда өте көп мөлшерде ластанған топырақта небары 200 мг/кг қорғасынды жинақтайды. Ауыр металдардың өсімдік құрамына түсуінің затқа (мысалы, этилендиаминтетрлі сірке қышқылы) ықпалы – топырақ ерітіндісінде орнықты, бірақ та еруге қабілетті кешенді қосылыстар байқалғанда ғана бұл мәселені шешудің жолы табылды. Осылайша, топыраққа осыған ұқсас, концентрациясында 1200 мг/кг қорғасын бар затты енгізгенде, үнділік қыша мұртшаларындағы ауыр металл концентрациясы 1600 мг/кг-ға өсті. Өкінішке орай, өсімдіктердің ауыр металдарды жинақтау механизмі, азот, фосфор және тағы басқа қоректену элементтері қосылыстарына көп көңіл бөлінгендіктен, толық анықталмай отыр. Этилендиаминтетрлі сірке қышқылымен табысты тәжірибелер жасау арқылы өсімдіктердің ауыр металдардың аз еритін қосы-

лыстарын олардың тамыры топырақта табиғи заттарды – кешенді құраушыларды – сіңіретіні туралы болжам жасауға болады. Мысалы, өсімдікте темірдің жетіспеушілігі оның тамырының топыраққа ондағы құрамында темірі бар минералдарды ерітетін фитосидерофорлардың бөлінуіне әкеледі. Бірақ та, фитосидерофорлардың өсімдікте мыс, мырыш және марганецтің жинақталуына жол беретіні байқалды. Мугеинді және дезоксимугеинді қышқылдар – бидай мен жүгерінің – фитосидерофорлары, сондай-ақ, сұлыдан бөлінетін авеникті қышқылдар анағұрлым жақсы зерттелген; ауыр металдарды байланыстыру қабілеті бар және өсімдіктерге қолжетімділігін арттыратын кейбір белоктар фитосидерофорлардың қызметін атқарады. Ауыр металдарды тамырдан өсімдіктің жер бетіндегі бөлігіне ауыстыру механизмі жайы да аз зерттелген. Бізге белгілісі: әдетте ауыр металдардың аз еритін тұздары тамыр жүйесі бойынша кешенді қосылыстар түрінде, мүмкін, лимон типті органикалық қышқылдармен орын ауыстырады. Ауыр металдарды сабағында немесе жапырақтарында, сондай-ақ, тамыр жүйесінде де жинақтайтын өсімдіктерді суды тазалау үшін қолдануға бірнеше қадамдар жасалды; бұл мақсатта ең ыңғайлысы – күнбағыстың кейбір сорттары болып табылды. Арнайы сүзгі жүйесінде өсірілген олар судан лас заттарды бір айда шаршы метрге шаққанда 1,5 кг құрғақ затты белсенді түрде жұтып алды. Бұл құрылғының ерекшелігі: қалыңдығы бірнеше сантиметр болатын жасанды топырақтың қабаты өсімдіктің тамырлануына ықпал етті және ол арқылы тамырға минералды тұздар берілді; тамырдың негізгі бөлігі ағынды судағы жасанды топырақ қабаты астында ауыр металдарды жұта отырып, өсті.

Радионуклидтерден күнбағыс өсімшелері көмегімен АҚШ-тың Огайо штатындағы уран байытатын зауып аймағында, сондай-ақ, Украинада, Чернобыль АЭС-ның төртінші реакторынан бір километрдей қашықтықтағы шағын көлде топырақты және суды тазалау мүмкіндігі табысты көрсетілді. Өсімдіктегі уран концентрациясы оның топырақ пен судағы концентрациясынан отыз есе асып түсті, ал цезий-137 және стронций-90 үшін бұл шама сәйкесінше сегіз және екі мыңдай болды.

Фиторемедиацияны ландшафты архитектурамен үйлестіру, өсімдіктермен тазаланған аумақтарды қала саябағы ретінде қолдану жүзеге асып келеді. Сондай-ақ, фиторемедиация аймақтары жабайы табиғатта қорықтарға, мысалы, АҚШ-тың ең ластанған аудандары саналатын Дэнвердегі Rocky Mountain Arsenal тәрізді айналуы мүмкін.

Фиторемедиация саласындағы басқа инновацияларға трансгенді өсімдіктерді пайдалану жатады. Төзімділігі жоғары, поллютанттарды аккумуляциялау мен бұзуға қабілетті жаңа трансгенді өсімдіктерді жасау әлі де жалғасуда. Өзірше, негізінен, жасанды ластанған органы пайдалану арқылы зертханалық зерттеулер, сирек болса да лас жерлерде субстраттармен жүргізілуде. Алайда, жағдай тап сол кезге байланысты өзгереді, мысалы, жоғары эксперленетін ферменттердің сульфат, селенат және глутатионның

аккумуляциясына қатысатын үнділік қышаның, трансгендік өсімдіктерінің далада зерттеу уақыты аяқталды. Осы аталған трансгенді өсімдіктердің үш типі тұздармен ластанған аймақта өсіруде селеннің жақсарылған аккумуляциясымен сипатталады [4].

Доктор Шэрон Дотидің (Sharon Doty) жетекшілігімен жұмыс жасайтын Вашингтон университетінің, Орегон штатыныңдағы университеттің және Пердью (Индиана штаты) университетінің оқытушылары өздері құрастырған теректің генетикалық құбылысы зертханалық жағдайда – АҚШ-тағы топырақ суларын көбінесе ластайтын трихлорэтиленнің 91%-ын жұтады. Әдетте, өсімдіктер қосылыстардың 3%-ын ғана жұтады. Мұнан бөлек, түтіктерде өскен, биіктігі бірнеше дюйм ғана болатын экспериментті теректер, бақылау тобындағы өсімдіктерге қарағанда, трихлорэтиленді қауіпсіз жағдайға дейін 100 есе тез ажыратады. Органикалық токсиндерді ажырататын цитохром P450 тұқымдас ферменттер өсімдіктер мен жануарлар жасушаларымен синтезделеді. Авторлар өздері көрсеткен нәтижелерін цитохром P450-ті кодтайтын және үй қоянының бауырын синтездейтін терек геніне орналастыру арқылы көрсетті. Одан басқа, терек өсімдігі трансгенді өсімдіктермен табиғи ормандардың ластану мүмкіндігі жоспарында өте табысты тандалған өсімдік болып табылады. Бұл ағаштар жылдам өседі, бірақ та бірнеше жылдардан кейін ғана, тұқым қалыптасуын сақтап қалуды жою қажет болғанда, гүлдейді. Басқа ағаштарға қарағанда олардың айырмашылығы, терек бұтақтары топыраққа түскенде тамырланбайды. Сүт қоректілердің цитохром P450-ның гені өсімдіктердің генетикалық түрленуінде бұған дейін қолданылып келген. Мысалы, 2005 жылы жапон ғалымдары адам цитохромасы генін күріш геніне орналастыру арқылы күріштік алқаптар мен құдықтардың ластануын азайтатын гербицидтер қатарының ыдырауын қамтамасыз ететін мәліметтерді жариялады. Авторлар, сондай-ақ, трансгендік өсімдіктердің хлороформ (суды зарарсыздандырудың қосымша әсерлері), ерітіндісінен төрт хлорлы көміртегін (ерітінді) және хлорлы винил (кейбір пластмассалардың негізі) жұтуды жақсартатын қабілетін көрсетті. Авторлар ластанған аймақтарда өсімдіктерді өсіру оларды жоғары дәрежеде окшаулауды талап етеді дегенімен келіседі. Мұнан басқа, ұқсас өсімдіктерді коммерциялық мақсатқа пайдалану үшін ресми түрде федеральді мақұлдау және мониторинг пайдалану фактісінің қажеттігін, сондай-ақ, биофармацевтикалық және өнеркәсіптік мақсаттарға, соның ішінде биоремедиацияда қолдануда трансгендік өсімдіктерді пайдалануға қатысты нормаларға тұрақты түрде талап күшейе түсетінін атап көрсетті [5].

Фиторемедиацияның артықшылықтарымен бірге, бірқатар шектеулері де бар. Тазалаушы өсімдіктер ластанған аймақта өсуі және поллютанттармен әрекеттесуге қабілетті болуы керек. Сәйкесінше, топырақтың қасиеті, улылық деңгейі және аймақтың климаты өсімдіктің өсуіне мүмкіндік беруі керек. Егер де топырақ улы болса, оған белгілі топырақ қоспаларын араластырып, онда өсімдіктің өсуіне ыңғайластыруға болады. Сондай-ақ, өсімдік поллю-

танттармен байланыс жасайтындықтан, тазалау түбір тереңдігі деңгейімен шектеледі. Шөп тектес өсімдіктердің тамырлары, әдетте, 50 см тереңдікке жетеді, ағаштардікі -3 м, кейбір өсімдіктердікі (әсіресе аридті аймақтардікі) 15 м немесе одан да жоғары тереңдікке дейін жетеді. Тамыр тереңдігінің шегін (12 м тереңдікке дейін) ұңғыда терең отырғызу арқылы, немесе, өсімдіктерді суаруға арналған ластанған суды шайқау арқылы тоқтатуға болады. Қатыстырылған биологиялық үдерістерге байланысты, фиторемедиация басқа тазалау әдістеріне (өсімдіктерді аккумуляция жолымен тазалау бірнеше жылға созылады) қарағанда, көп уақыт алуы мүмкін. Сондай-ақ, фиторемедиация поллютанттардың өсімдіктерге қолжетімділігімен шектелуі мүмкін. Поллютанттардың биожетімділігі мыналарға тәуелді: поллютанттардың химиялық қасиеттеріне, топырақтың қасиетіне, ортаның жағдайына, әр түрлі биологиялық үдерістерге. Поллютанттардың биожетімділігі топыраққа белгілі бір қоспаларды енгізу арқылы көбеюі мүмкін. Тазалаудың жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін фиторемедиация биоремедиация мен тазалаудың биологиялық емес технологияларымен біріктіріле қолданылады. Мысалы, субстраттың ерекше ластанған бөлігі алдымен экскавация жолымен тазаланады, мұнан кейін тазалау үдерісі өсімдіктер көмегімен жүзеге асады.

Қазіргі таңда зерттелетін аумақтың өсімдік әлемі фиторемедиация тұрғысынан жеткілікті түрде зерттелмей келеді. Сондай-ақ, ауыр металдарды өсімдіктердің тамырларынан жерүсті бөліктеріне тасымалдау механизмі аз қарастырылған. Ағаштар мен бұталар, шөптесін өсімдіктерге қарағанда, топырақты ең терең деңгейіне дейін тазарта алатындықтан, аймақтың ағашты және бұталы өсімдіктерін де бөлек зерттеу жүргізуді қажет етеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Chaney R.L., Malik M. Li Y.M., Brown S. L., Angle J.S. and Baker A.J.M. Photoremediation of soil metals //Current Opinions in Biotachnology. – №8, 1997. – P.279-284.
2. Остроумов С.А., Соломонова Е.А. Инновационная разработка экотехнологического подхода к очищению вод: фиторемедиация с использованием водных макрофитов //Во да: технология и экология. – №3, 2008. – Стр. 48-56.
3. Baker A.J. Accumulators and excluders – strategies in the response of plants to heavy metals //Journal of Plant Nutrition. – №3, 1981. – P.643-654.
4. McCutcheon S., Wolfe N.L., Carreria L., Ou T. 1995. Phytoremediation of hazardous wastes //Innovative technologies for site remediation and hazardous waste management. Proceedings of the National Conference. – Pittsburgh, Pennsylvania, July 23-26, 1995. – P. 597-604.
5. Elizabeth Pilon-Smits. Phytoremediation //Annu Rev Plant Biol. – 2005. – P. 15-39.



**РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается применение фиторемедиации почв, загрязненных тяжелыми металлами. В ней также приведены материалы по использованию этого метода очистки почв в различных природно-климатических условиях, его преимущества и недостатки.

**(Ибраева А. Фиторемедиация почв загрязненных тяжелыми металлами)**

**SUMMARY**

This material deals with the application of phytoremediation of soils contaminated with heavy metals. It also provides materials for use this method of soils treatment in different climatic conditions, its advantages and disadvantages.

**(Ibraeva A. Soil contaminated with heavy metals)**

ӘОЖ 616.12:618.2

**Ш.С.ЕРНАЗАРОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ магистранты

**К.С.КАЗБЕКОВА**

медицина ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДЕ АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯНЫҢ  
КЕЗДЕСУ ЖИІЛІГІ  
(ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ)**

***Аннотация.** Жүкті әйелдердегі Артериялық гипертензия (АГ) бүгінгі таңда медицина саласындағы өзекті мәселелердің ішінде ерекше орын алады. ДДС ұйымының мәліметтері бойынша жыл сайын дүние жүзінде шамамен 50 000 ана АГ асқынуларынан көз жұмады. АГ ана өліміне алып келетін себептердің ішінде эмболиядан кейін екінші орында тұрады. Жүкті әйелдерде АГ болуы эклампсия, қанның шашыранды ұю синдромы, тромбоцитопения, жедел өкпе ісінуі, қалыпты орналасқан плацентаның уақытынан бұрын ажырауы, ми қан айналымы бұзылысы және торлы қабаттың ажырау қаупін жоғарылатады. Әлемнің көптеген елдерінде АҚШ, Канада, Бразилия, Англия, Голландия, Ресей Федерациясы және басқа да мемлекеттерде жүкті әйелдерде гипертензионды синдромның кездесу жиілігін, бұл патологияға алып келетін қауіп факторларын, асқынуларын анықтау мақсатында көптеген зерттеулер жүргізілген.*

*Кілт сөздері:* артериялық гипертензия, жүкті әйелдер, кездесу жиілігі, гестационды гипертензия, преэклампсия.

*Ключевые слова:* артериальная гипертензия, беременные женщины, распространенность, гестационная гипертензия, преэклампсия.

*Anahtar Kelimeler:* hipertansiyon, hamile kadınlar, yaygınlık, gestasyonel hipertansiyon, preeklampsia.

*Key words:* arterial hypertension, pregnant women, prevalence, gestational hypertension, preeclampsia.

Қалыпты жағдайда жүктіліктің I және II триместрінде артериялық қысым (АҚ) физиологиялық төмендеуі байқалады. Ал жүктіліктің III триместрінде АҚ қалыпты жағдайға келеді немесе біршама жоғарылайды. ДДС ұйымының анықтамасы бойынша жүкті әйелдерде АГ деп аталады егер, систолалық артериялық қысым (САҚ) 140 мм.сн.б.б. немесе одан жоғары, диастолалық

артериялық қысым (ДАҚ) 90 мм.с.б.б. немесе одан жоғары болса. Немесе жүктіліктің I триместрімен салыстырғанда САҚ 25 мм.с.б.б. жоғарыласа, ДАҚ 15 мм.с.б.б. жоғарыласа АГ деп есептеледі. ДДС ұйымының мәліметтері бойынша жүкті әйелдерде 4-8% АГ кездеседі және ана өлімінің 20-30% -ы АГ үлесіне тиеді [1, 2, 3].

Жүктілік кезінде артериялық қан қысымының жоғарылауын сипаттау үшін әртүрлі терминдер қолданылады – «токсикоз», «гестоз», «гестациондық гипертензия», «эклампсия» және т.б. Жүктілік кезіндегі АГ тек бір назология емес, оған кем дегенде төрт клиникалық жағдай кіреді: созылмалы артериялық гипертония (АГ жүктілікке дейін тіркелген), гестациондық гипертензия (ГГ), преэклампсия (ПЭ), эклампсия [4, 5].

Жүктілік барысында болатын әртүрлі асқынулардың және ең негізгі мәселе ана мен бала өлімінің алдын алу мақсатында әлемнің көптеген елдерінде зерттеулер жүргізілгендігін Pubmed/Medline базаларында 1946 жылдан бастап тіркелген баяндамалардан көруге болады. Бұл дегеніміз жүкті әйелдердегі АГ XX ғасырдан бастап денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселе болғанының кепілі. Осы тақырып аясында соңғы он жылда жасалған зерттеулерге қысқаша шолу жасайық.

Жүктілік кезінде АГ 7-10% жағдайда кездесе, соның 4-5%-ы ПЭ түрінде өтеді. ПЭ мен тіркелген жүкті әйелдердің үштен екі бөлігін алғашқы босанатын жас аналар құрайды. Осы тақырып аясында жүргізілген зерттеулердің ешбірі ПЭ алдын алуда тиімді іс-шаралар жүргізу алгоритмін жасап бере алмады. XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап ПЭ дамуында генетикалық факторлардың рөлі жайлы айтыла бастады. Дүние жүзі бойынша 185 зерттеу жұмыстарына жасалған мет-анализ нәтижесінде анықталғаны: ПЭ дамуында нәсілдік фактордың әсері бар деген қорытынды шығарылған. Осы зерттеуде ақ нәсілділерде – 3,71%, қара нәсілділерде – 3,97%, американдық үнділерде – 4,8%, қытайларда – 1,44%, жапондарда – 1,84%, Филиппин тұрғындарында – 2,88% ПЭ кездескен [6].

Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан, жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең ірі мемлекет Ресей Федерациясында жүкті әйелдерде АГ кездесу жиілігі әртүрлі болып, жер көлемінің үлкен болуына байланысты 6%-дан 29%-ға дейін кездеседі. Осы елде жүргізілген зерттеулердің бірнешеуіне тоқталайық.

ПЭ АҚ жоғарылауы, протеинурия, ісінумен жүретін патология. Бірақ бұл симптомдар үштігінің толық болуы міндетті емес. 12% жағдайда протеинурия кездеспейді, ал 40% жағдайда ПЭ ісінусіз өтеді. ПЭ кезінде құрысу ұстамаларының даму қаупі өте жоғары болып, протеинуриясыз, ісінусіз жүретін АГ мен салыстырғанда 17 есе жоғары. Жүктілік барысында АҚ қалыпты көрсеткіштен жоғары болған кез-келген жүкті әйел ПЭ дамуы мүмкін болған қауіп тобына жатқызылуы тиіс және бақылауда болуы қажет. Артериялық қысымды тәуліктік мониторлау әдісі қауіпсіз және АГ диагнозын нақты қоюға мүмкіндік беретін мол ақпаратты әдіс болып табыла-

ды. ПЭ даму қаупін ерте анықтау мақсатында Пенза қаласының 2-перзентханасында ерікті түрде келісім берген жүктілік мерзімі 6-25 апта аралығындағы 44 әйелге артериялық қысымды тәуліктік мониторинг жүргізіліп, босанып перзентханадан шыққанға дейін бақыланған. 26 аптадан кейін 8 әйелде ПЭ дамыған. Бұл жалпы бақыланған әйелдердің 18,1%-ын құраған [7, 8].

Волгоград қаласында жүкті әйелдерде АГ кездесу жиілігі мен емдеу нәтижелерін бағалау мақсатында ретроспективті зерттеу жүргізілген. Зерттеу мақсатында 2001 жылдың қаңтар айынан 2006 жылдың қаңтар айына дейін тіркелген 8656 жүкті әйелдің жеке карталары тексерілген. Зерттеу нәтижесі соңғы 5 жылда АГ мен 76 жүкті әйел тіркелген. Бұл жалпы жүкті әйелдердің 0,9% -ын құраған [9].

Ресей Федерациясының 6 қаласының (Мәскеу, Колуга, Бренск, Смоленск, Орел, Липецк) 18 әйелдер кеңесі үйінде көп орталықты ретроспективті зерттеу жүргізілген (2003-2004 жж). Зерттеуге кездейсоқ әдіспен 543 әйел алынған. Осы әйелдерде 74,4% (404 әйел) экстрагениталді патология анықталған. Кездесу жиілігі бойынша 1-орында: анемия 72,7%, 2-орында: жүрек қан-тамыр жүйесі аурулары 42,1% (басым бөлігі вегетотамырлық дистония, кардиальді тип), 3-орында эндокриндік жүйе аурулары (басым бөлігі қалқанша без аурулары) анықталған. Экстрагениталді патологиясы бар әрбір үшінші әйел гипотензивті дәрі қабылдаған [10].

Жүкті әйелде АГ болуы құрсақтағы нәресте ағзаларында дистрофиялық өзгерістерге алып келуі мүмкін. Украинаның Харьков қаласында физиологиялық жүктілікпен салыстырғанда жүктілік барысында АГ бар әйелдер нәрестелерінің жүрегінде морфологиялық ерекшеліктерді анықтау мақсатында 47 перинатальдық өлім жағдайына патоморфологиялық зерттеу жүргізілген. Оның ішінде 20 жағдай физиологиялық жүктілік болып, жүкті әйелдерде ешқандай экстрагениталді патология болмаған (бақылау тобы); қалған 27 жағдайда жүкті әйелдерде АГ болған. Зерттеу нәтижесі: жүкті әйелде АГ болуы құрсақтағы нәрестеде жүректің өткізгіш жүйесінде морфологиялық өзгерістерге алып келген және бұл нәрестелерде антенатальді, интранатальді және постнатальді патологиялардың даму қаупі жоғары болып, перинатальдық өлім көрсеткішін жоғарылатқан [11].

Оңтүстік Америка құрлығында орналасқан, әлемнің даму үстіндегі елдерінің бірі Бразилияда ана өліміне алып келетін себептердің ішінде АГ үлесін және таралу жиілігі мен қауіп факторларын анықтау мақсатында 2009 жылдың маусым айынан 2010 жылдың шілде айына дейін көп орталықты зерттеу жүргізілген. Зерттеу үшін Бразилияның 5 регионьында орналасқан 27 перзентханаға жағдайы ауыр дәрежеде жеткізілген жүкті әйелдер жеке тіркеуге алынып, босанғанға дейін бақыланған. Бір жыл көлемінде әртүрлі патологиядан жағдайы ауыр 9555 жүкті әйел тіркелген. Осы әйелдердің 70%-ында, яғни 6706 әйелде ауыр дәрежелі АГ тіркелген. Бұл көрсеткіш 1000 адамға шаққанда 82 жағдай. Зерттеу нәтижесінде ауыр гипертензионды

синдромның асқынуынан болатын өлім индексі 10,7% құраған. Зерттеу қорытындысы: Бразилияда ана өлімінің төрттен бір бөлігі гипертензионды синдромның асқыну салдарынан болған. Жүкті әйел анамнезінде созылмалы бүйрек аурулары, жүрек қан-тамыр жүйесі аурулары, семіздік, дәнекер тіннің жүйелі ауруларының болуы жүктіліктің асқынуын төрт есеге дейін жоғарылатқан [12]. Сонымен бірге жүктілік кезінде АГ болуы әйелдің кейінгі өмірінде жүрек қан-тамыр жүйесі аурулары, ми қан айналым бұзылысы, қант диабеті, семіздік, созылмалы бүйрек ауруларының даму қаупін жоғарылатады [13, 14].

Батыс Еуропадағы мемлекеттердің бірі Голландияда 2008 жылдың қараша айынан 2010 жылға дейін зерттеу жүргізілген. Зерттеу үшін жүктілік барысында АҚ қалыпты болған (ҚАҚ) 99 әйел және жүктілік барысында АҚ жоғары болған (ЖАҚ) 306 әйел алынған. 2 жыл бақылау барысында анықталғаны АГ (ЖАҚ 34%, ҚАҚ 1%) және метаболикалық синдром (ЖАҚ 25%, ҚАҚ 5%) анамнезінде жүктілік барысында АГ болған әйелдерде айтарлықтай жиі кездескен (анамнезінде артериялық қысымы қалыпты болған әйелдермен салыстырғанда) [15]. Гипертензионды синдромның кез-келген дәрежесі жүкті әйел үшін қауіпті болып, тіпті созылмалы артериялық гипертензияның бірінші дәрежесімен ауыратын әйелдердің өзінде уақытынан бұрын босану – 15,3%, құрсақ ішінде бала дамуының әр түрлі ауытқулары – 16,6%, босану кезіндегі асқынулар – 5,8% құраған [16].

Еуропа одағына кіретін елдер Дания және Швецияда жүргізілген когорттық зерттеу нәтижесінде преэклампсияның дамуында стресстік жағдайлардың әсері бар екендігі анықталған. Зерттеу үшін жақын туыстарының бірінен айрылғанына (қайтыс болған) бір жыл көлемінде болған жүкті әйелдер алынған. Ауыр қайғыға ұшыраған әйелдердің басым бөлігінде гипертензионды синдромның ауыр көріністері және преэклампсия дамыған. Бұл мәліметтер преэклампсияның дамуына алып келетін себептердің ішінде стресстік жағдайлардың алдыңғы қатарда тұратындығының дәлелі [17]. Жүкті әйел анамнезінде қант диабетінің бірінші типімен ауыратын болса, мұндай әйелдерде ПЭ даму қаупі дені сау әйелдермен салыстырғанда 11%-ға жоғары екендігін Ирландия, Шотландия және Англия ғалымдары дәлелдеген [18]. АҚШ-та жүргізілген зерттеулердің бірінде 22-44 жас аралығындағы жүкті әйелдердің 7,7%-ында АГ тіркелген және сауалнама жүргізгенде анықталғаны бұл әйелдердің тек 4,9%-ы гипотензивті емді тұрақты қабылдаған [19].

Көпшілік жағдайда АГ клиникалық белгілері 32 аптадан кейін анықталып, қарқынды түрде өршиді. Осы жағдайға байланысты дүние жүзі ғалымдарының көзқарасы екі түрлі. Ғалымдардың бір бөлігі егер жүкті әйелде АГ анықталса, жүкті әйелді 34-37 апта аралығында жасанды толғақ шақырып немесе кесар тілігі арқылы босандыру қажет деген пікірде. Дегенмен, бұл пікірге қарама-қайшы жағдай, уақытынан бұрын босандыру ана жағдайына оң әсер етіп әртүрлі асқынулардың алдын алғанымен уақы-

тынан бұрын дүниеге келген нәрестенің денсаулығына теріс әсер етуі мүмкін [20].

Қорыта айтсақ, жүкті әйелдерде АГ болуы ана мен бала өмірі үшін қатерлі. Соңғы жылдарда жүкті әйелдер арасында АГ көбеюіне болашақ аналардың спиртті ішімдіктер қолдануы, темекі шегуі, семіздік, қант диабеті, созылмалы пиелонефрит сияқты экстрагениталді себептердің әсері үлкен. Ана денсаулығы дүниеге келетін болашақ ұрпақтың саулығына тікелей әсер етеді. Ал дені сау ұрпақ жарқын болашақтың кепілі. Бірнеше елдерде жүргізілген зерттеулердің қорытындысы, ана өліміне алып келетін себептердің 20-30%-ы АГ үлесіне тиетіндігін дәлелдеп отыр. Әрине, бұл асқынуларды түбегейлі жою мүмкін емес, дегенмен, егер де фертильді жастағы әйелдерде АГ және бұл патологияға алып келетін қауіп факторлары неғұрлым ерте анықталып, емдеу профилактикалық іс шаралар уақытылы жүргізілсе және жүктілік жоспарланса, ана мен бала өміріне қауіпті асқынулар төмендейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Верткин А.Л., Ткачева О.Н., Мурашко Л.Е. и др.* Артериальная гипертония беременных: диагностика, тактика ведения и подходы к лечению // *Лечащий врач.* – №3, 2006. – С. 25-8.
2. *Манухин И.Б., Маркова Е.В., Маркова Л.И., Стрюк Р.И.* Комбинированная низкодозовая антигипертензивная терапия у беременных с артериальной гипертонией и гестозом // *Кардиология.* – №1, 2012. – С.32-38.
3. *Clivaz Mariotti L., Saudan P. et all.* Hypertension in pregnancy // *Rev. Med. Suisse.* – 2007. – Vol. 3(124). – P. 2015–2016.
4. *Преображенский Д.В., Вышинская И.Д.* Медикаментозное лечение артериальной гипертонии при беременности // *CONSILIUM MEDICUM UKRAINA.* – №6, 2010. – С.9-12.
5. *Айламазян Э.К., Мозговая Е.В.* Гестоз: теория и практика. – Москва: МЕДпресс-информ, 2008. – 42стр. – С.7-9.
6. *Оханкин М.Б., Серов В.Н., Лопухин В.О.* Преэклампсия: гемодинамический адаптационный синдром // *АГ-инфо.* – №3, 2002. – С.9-12.
7. *Милованов А.П.* Патолого-анатомический анализ причин материнских смертей. – Москва, 2003. – С.49-55.
8. *Дорогова И.В., Бартош Л.Ф. и др.* Оценка суточного профиля артериального давления у беременных // *Вестник Аритмологии.* – №8, 2002. – С.32-35.
9. *Захаров И.В.* Эпидемиология и особенности терапии эссенциальной гипертонии у беременных // *Вестник ВолГМУ.* – №2, 2006. – С. 65-67.
10. *Стриженок Е.А., Гудков И.В., Страчунский Л.С.* Применение лекарственных средств при беременности: результаты многоцентрового фармакоэпидемиологического исследования // *Клиническая Микробиология и Антимикробная химиотерапия.* – №2, 2007. – С.162-175.
11. *Гольева Н.В., Плитень О.Н.* Морфологические особенности микроциркуляторного русла проводящей системы сердца плодов и новорожденных в

условиях физиологический протекающей беременности и при артериальной гипертензии у беременных//Вестник Морфологии. – №2, 2010. – С.293-297.

12. *Elvira Zanette, Mary Angela Parpinelli et al.* Maternal near miss and death among women with severe hypertensive disorders: a Brazilian multicenter surveillance study. *Journal ListReprod Healthv.11; 2014PMС3896751*

13. *Navaratnam KI, Alfirevic Z, Baker PN et al.* A multi-centre phase Iia clinical study of predictive testing for preeclampsia: improved pregnancy outcomes via early detection (IMPROVED). *BMC Pregnancy Childbirth. 2013 Dec 7;13:226. doi: 10.1186/1471-2393-13-226.*

14. *Захарова Е.В.* Течение хронических заболеваний почек при беременности //CONSILIUM MEDICUM UKRAINA. – №8, 2008. – С.4-9.

15. *Hermes WI, Franx A et al.* Cardiovascular risk factors in women who had hypertensive disorders late in pregnancy: a cohort study. *Am J Obstet Gynecol. 2013 Jun; 208(6):474.e1-8. doi: 10.1016/j.ajog.2013.02.016. Epub 2013 Feb 8.*

16. *Vasapollo BI, Novelli GP et al.* Medical treatment of early-onset mild gestational hypertension reduces total peripheral vascular resistance and influences maternal and fetal complications. *Ultrasound Obstet Gynecol. 2012 Sep; 40(3):325-31. doi: 10.1002/uog.11103.*

17. *Liu XQ, Svensson T. Et al.* Psychosocial stress related to the loss of a close relative the year before or during pregnancy and risk of preeclampsia. *Hypertension. 2013 Jul; 62(1):183-9. doi: 10.1161/HYPERTENSIONAHA.111.00550. Epub 2013*

18. *Holmes VA1, Young IS, Patterson CC.* Optimal glycemic control, pre-eclampsia, and gestational hypertension in women with type 1 diabetes in the diabetes and pre-eclampsia intervention trial. *Diabetes Care. 2011 Aug; 34(8):1683-8. doi: 10.2337/dc11-0244. Epub 2011 Jun.*

19. *Andrea G. Kattah, MD and Vesna D. Garovic, MD.* The Management of Hypertension in Pregnancy. Published in final edited form as: *Adv Chronic Kidney Dis. May 2013; 20(3): 229–239.*

20. *Langenveld JI, Broekhuijsen K, van Baaren GJ.* Induction of labour versus expectant monitoring for gestational hypertension or mild pre-eclampsia between 34 and 37 weeks' gestation (HYPITAT-II): a multicentre, open-label randomized controlled trial. *BMC Pregnancy Childbirth. 2011 Jul 7; 11:50. doi: 10.1186/1471-2393-11-50.*

#### **РЕЗЮМЕ**

В данной статье представлен литературный обзор о частоте встречаемости АГ у беременных женщин.

**(Ерназарова Ш.С. Распространенность артериальной гипертензии у беременных женщин (обзор литературных данных))**

#### **SUMMARY**

This article presents a literature review of the incidence of hypertension in pregnant women.

**(Ernazarova SHS. The prevalence of hypertension in pregnant women (literature review))**

**Құттықтаймыз!**

**ТЕМИРБЕКОВ АЛИШЕР НИЗАМЕТДИНҰЛЫ**  
**техника ғылымдарының кандидаты, доцент, ХҚТУ профессоры**



Темирбеков Алишер Низаметдинұлы 1950 жылы 24 ақпанда Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысы, Орта Шыршық ауданы, Шыбын төбе ауылында туылған. 1967 жылы орта мектепті алтын медальға бітірген соң Ташкент Мемлекеттік Университетінің физика факультетіне оқуға түсті. 1972-1976 жылдары Өзбекстан ҒА Электроника институтында инженер, жетекші инженер, 1976-1981 жылдары Ташкент ирригация және механизация институтының физика кафедрасында лаборатория меңгерушісі, ассистент, 1981-1999 жылдары Ташкент Мемлекеттік медицина институтында ассистент, аға оқытушы, доцент қызметтерінде жұмыс істеді. 1988 жылы Ташкент Кибернетика институтында «Разработка моделей, алгоритмов и систем диагностирования и управления лечебным процессом» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1999 жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің «Бағдарламалармен қамтамасыздандыру» кафедрасында доцент, ХҚТУ профессоры, ал 2006 жылдан бастап 2014-2015 оқу жылының басына дейін осы кафедраның меңгерушісі қызметтерін атқарды. Қазіргі күнде «Компьютерлік инженерия» кафедрасында доцент қызметін атқаруда.

Профессор А.Н.Темирбековтің жас оқытушыларға оқу-әдістемелік бағыт беруде және өз шеберлігін жетілдіру жұмыстарында жасап жатқан ғылыми-әдістемелік еңбектері өте көп. А.Н.Темирбеков бүгінгі таңға дейін 120-дан астам ғылыми еңбектердің, 26 оқу және оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Әр жыл сайын өтетін жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысына арналған Республикалық байқауларда ол жетекшілік жасаған студенттер I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталған.

Темирбеков А.Н. медициналық кибернетика, жүйелік талдау, ақпаратты басқару мен өңдеу салалары бойынша ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан педагогтардың бірі. Оның ғылыми-педагогикалық еңбектері ескеріліп университет президентінің мақтау грамоталарымен, Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихатының грамотасымен және Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталған.



Өмірлік жолдасы Әбиба зейнеткер, терапевт-кардиолог болып жұмыс істеген, отағасы ол кісімен 40 жылдан бері өзара сыйластықта өмір сүріп келеді. Ұлы Марат университетте жұмыс істейді. Келіні Дина Алматыда акушер-гинекология мамандығы бойынша резидентурада оқуда. Дінмұхаммед және Шыңғыс атасы мен әжесінің сүйікті немерелері.

Құрметті Алишер Низаметдинұлы!

Сізді бүгінгі асқаралы алпыс бес жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Асқаралы алпыс бестің асуын абыройлы еңбекпен бағындырып келе жатқан Сізді алда арманды істер күтіп тұр. Отбасында ардақты әке, қызметте – өрелі, ойлы мамансыз. Береке, бірлік, татулық тілейміз. Ең бастысы деніңіз сау болсын!

**Ізгі ниетпен,**

**Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің Ардагерлер ұйымы және Кәсіподақ комитеті**

**МАЗМҰНЫ**

<b>МЕХАНИКА, МАТЕМАТИКА, МОДЕЛЬДЕУ</b>	
КАЛИМБЕТОВ Б.Т. ПАРДАЕВА Н.А. АБИКЕЕВА У.Д. Регуляризованная асимптотика сингулярно возмущенной интегро- дифференциальной системы с быстро осциллирующими коэффициентами	3-10
КАЛЫМБЕТОВ Б.Т. ХАБИБУЛЛАЕВ Ж.О. Жаралыстану ғылыми бағыпндағы математик бакалаврларды даярлауда сингуляр ауыпкымалы теңдеулердің рәлі және маңыздылығы	11-16
ҚАЛДЫБЕКОВА Г.Т. Электрондық ақпарат көздеріне жасалған сұраныс процесін Бредфордтың инфометриялық заңы арқылы модельдеу	17-22
ПЕРНЕБАЕВА Қ.А. УСМАНОВ Қ.И. Параметрлі интегралдық-дифференциалдық теңдеулерді жұықтаудың кейбір мәселелері	23-29
ТЕМІРБЕКОВ А.Н. СЫЗДИКОВ Д.К. ИЗБАСОВА Г.Е. Курделі жүйелерді сипаттайтын математикалық модельдерін талдау	30-34
<b>ЭНЕРГЕТИКА</b>	
РУСТАМОВ Н.Т. ТУРСЫМБАЕВ Н.Г. МУСТАФАЕВ К.М. Расчет технико-экономических показателей солнечных водонагревательных коллекторов	35-41
ЭГАМБЕРДИЕВ Б.Э. АКЕМБАЕВ Е.К. Многоканальный быстродействующий прибор на основе термодатчика для дистанционного контроля температуры	42-47
ОРАЛБЕКОВ Ғ.Ж. ТҰРМАМБЕКОВ Т.А. САИДАХМЕГОВ П.А. Жасанды серік бағдарының өзгерісі	48-52
<b>ИНФОРМАТИКА</b>	
СҰЛТАНОВ М.А. ОСПАНОВА М.А. Бір өлшемді сигналдарды Тихоновтың регуляризация әдісімен қалпына келтіру	53-60
АМИРОВА Г.А. ҚАСЫМБЕКОВ А.С. Ақпараттық ресурс орталықтарының бағдарламалық қамтамасыздандырылуы және оларды таңдау ерекшеліктері	61-68
СҰЛТАНОВ М.А. АБИБУЛЛАЕВА А.А. Жылу өткізгіштік теңдеуі үшін бастапқы шартты анықтаудың кері есебін итерациялық әдіспен шешу	69-75

<b>СТАНДАРТТАУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ</b>	
ЕШАНКУЛОВ Ә.А. ТУРДЫБЕКОВА Д.А. СӨРСЕНБАЙ С.Ө. Қызмет көрсету саласында сапаны басқару және бағалау мәселелері	76-80
<b>ЭКОНОМИКА</b>	
ТАЖИБАЕВА Р.М. ГЕРОНТИДИ П.И. Современное состояние и основные тенденции в развитии мирового фармацевтического рынка	81-87
SAMET ÇETİN Piyasa Ekonomisinde Faiz Problemi	88-93
<b>ТУРИЗМ</b>	
KUÇUKTORUZLU K. BATAŞ İ. Turizmde Yeni Bir Form: Üçüncü Yaş Turizmi	94-100
<b>БИОЛОГИЯ</b>	
САРТАЕВА Х.М. ШЫРЫНХАНОВА О.М. ЕСКАРАЕВ Н.М. Сцинти гекконның (Teratoscincus Scincus Sshlegel, 1958) биологиялық және экологиялық жағдайы	101-107
САРТАЕВА Х.М. ШЫРЫНХАНОВА О.М. ОРМАНОВА А.Д. Оңтүстік Қазақстан облысындағы бірқатар бауырымен жорғалаушылардың биогеохимиялық экологиясы	108-114
ИБРАЕВА А.К. Ауыр металдармен ластанған топырақты фиторемедиациялау	115-121
<b>МЕДИЦИНА</b>	
ЕРНАЗАРОВА Ш.С. КАЗБЕКОВА К.С. Жүкті әйелдерде артериялық гипертензияның кездесу жиілігі (әдебиеттерге шолу)	122-127
Құттықтаймыз! ТЕМИРБЕКОВ АЛИШЕР НИЗАМЕТ ДИНҰЛЫ	128-129
Мазмұны	130-131